Қос мереке құтты болсын!

e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

4 мамыр 2018 ж. жұма №50-51 (18698-99)

Құрметті соғыс және еңбек ардагерлері! Қадірлі қостанайлықтар!

Сіздерді алдағы Отан қорғаушылар күні және Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Ерлік пен даңқтың нышанына айналған бұл қос мерекенің қатар атап өтілуі кездейсоқ емес.

Біздің бүгінгі күні баянды өмір сүріп, саналы ұрпақ тәрбиелеп, болашаққа жарқын жоспар түзуіміз аяулы ардагерлеріміздің жанқиярлық ерлігінің арқасында. Сіздер өскелең ұрпақтың жадында жасымас жігер, мұқалмас ержүрек қайраттың мәңгілік жарқын үлгісі болып қала бересіздер.

1992 жылы 7 мамырда біз азат еліміздің айбынды Армиясын жасақтадық. Сондықтан бұл барша отандастарымыздың жауынгерлік рухы мен атадан балаға жалғасқан Отанға адал қызмет етудің ерекше үлгісін айғақтайтын айтулы күн.

Ендеше бейбіт күннің астында ел қорғаны болуға әркез дайын, әрі қамалы берік, мәртебелі мемлекеттің болуын қалаған бабалар арманы мен аманатын бұлжытпай орындап келе жатқан барша жерлестерімізді мерекесімен құттықтаймын!

Елбасымыз, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жасампаз Қазақстанды қалыптастыру жолында ұрпақтар сабақтастығының сақталуына ерекше көңіл бөліп келеді.

Сондықтан мен бүгінгі жас ұрпақ аталарымыз қалап кеткен ерлік жолынан жаңылмай, қуатты, тұрақты және өркенді мемлекет қалыптастыруға аянбай атсалысады деп сенемін.

Ардақты ардагерлер!

Біз әрқашан сіздердің қайсар ерліктеріңізді мақтан тұтамыз. Дендеріңіз сау, өмірлеріңіз шуақты болып, ортамызда аман-есен жүре берулеріңізге тілектеспін!

Қадірлі жерлестер!

Отан қорғаушылар күні және Жеңіс мерекесі құтты болсын! Бейбіт еліміздің аспаны ашық, болашағы жарқын болғай! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Қостанай облысының әкімі А.Мұхамбетов.

Ер – елінің қорғаны

Қымбат ДОСЖАНОВА

1992 жылдың 7-мамырында Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылды. Мұндай маңызды қадам тәуелсіз еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайта түсті. Мемлекет басшысының Жарлығынан соң елдегі әскер әлеуеті артып, айбынды армиямыздың күш-қуаты артты. Осындай айтулы оқиғаларға байланысты 7-мамыр – Отан қорғаушылар күні болып жарияланған болатын.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі 7 мамыр – Отан қорғаушы күнін ҚР-ның мемлекеттік мерекесі деп белгіледі. Мерекеге байланысты 2013 жылы Қазақстан тарихында тұңғыш рет жауынгерлік парад өтті. Салтанатты шеруге барлығы 7 мыңнан астам әскери қызметшілер, 400 бірліктен аса әскери техника, 86 ұшақ пен тікұшақ тартылған.

Бүгінде Отан қорғаушылар мерекесінің маңызы арта түскен. Қостанай қаласындағы Төребаевтар отбасы үшін бұл күн тіпті ерекше. Өйткені, аталған әулеттің екі азаматы әскери салада қызмет етіп жүр.

Мұхит Төребаев Қостанай қаласында орналасқан №6697 әскери бөлімінде айдауылдау бөлімшесінің командирі. Оның әскери қызметте жүргеніне он жыл болыпты. Отан алдындағы азаматтық борышын өтеген соң, келісім-шарт бойынша қызмет етуге қалады. Осылайша, әскери қызметші болып шыға келді.

2-бет.

Суретті түсірген Б.АХМЕТБЕКОВ.

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері! Қымбатты қостанайлықтар!

Сіздерді Ұлы Жеңіс күні мерекесімен және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қымбатты ардагерлер, біздің өміріміздің сіздердің рухы сөнбейтін энергиясымен нұрға бөлеп, сіздер әлі күнге дейін сенімді «сапқа тұруды» жалғастырып, қазақстандық жас ұрпақты тәрбиелеуге көмектесіп, өз Отанының нағыз патриот азаматы болуға үйретіп келесіздер, сіздерге рахмет! Шайқас алаңында қалып, қанды және қатыгез қырғын

соғыста қаза тапқан майдангерлерді мәңгілік есте сақтаймыз.

Бүгінгі ұрпақ соғыс ардагерлерінің дәстүрін жалғастыра отырып, егеменді Қазақстанның қазіргі замандағы тәуелсіздігін және тұтастығын қамтамасыз етуге қабілетті. Біздің сақтайтын және қорғайтынымыз бейбітшілік, тұрақтылық, дәстүр, бақытты және бейбіт өмір.

Барлық қостанайлықтарға денсаулық, бақыт, ашық аспан, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Отанымыздың игілігі жолындағы еңбектеріңізде жоғары табыстарға жете беріңіздер!

Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы С.Ещанов.

БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Қос алма

Бір хан тау тастарынан өзіне керемет сарай салдырғысы келеді. Сөйтіп бір асқан шебер ұста жалдайды. Ол ұста жұмысқа кірісіп, таудың қой тастарына ұсақ тастарды көп қосып, асықпай қиюластырып қалайды. Мұны байқаған хан:

– Сен үлкен-үлкен тастардан қаласаң сарай тез бітер еді. Сен мына ұсақ тастарға неге әуре боласың? – дейді.

– Сізге бұл сарайдың үлкен әрі мықты болғаны керек емес пе. Ендеше мен сарайға өмірімнің бір бөлшегін арнаудамын. Сондықтан да сарайдың берік әрі еңселі де әсем болуы елге де, маған да керек. Кейін сан жылдардан кейін осы сарайды көргендер елді де, салған шеберді сұрап танитын болады. Маған елімнің әр тасы үлкені де, кішісі де қымбат, оны ұқсата білу парыз, – депті. Хан еңбекқор, мақсатты, табанды әрі отаншыл шеберді мойындап, уәж айта алмапты.

Осы әфсананы еске түсіргенде, әр қазақ бір сәт жүрегінен толғап, Отанға деген іңкәрлік – Алла-тағаланың пендесіне берген дара тартуы екенін сезінері хақ. Осынау ақ жұпар дүниедегі Отан – бесігің. Онда ата-бабаң жатыр, сен сол ата-бабаңның қаны мен тері сіңген топырақтан жаралдың.

Әр адамның бойындағы ең құнды сезім – өзін Отанының бір бөлшегі деп сезінуі. Бұл әке жүрегінің қызуымен, ана жүрегінің жылуымен нұрланған сезім. Сен өзге елде өмір сүруің де мүмкін. Бірақ сен өз еліңде ғана қазақсың. Тамырынан ажыраған қайда барса да қурайды. Ел сөзі: ғашығынан айырылған жеті жыл жылайды, Отанынан айырылған өмір бойы зарлайды. Жарынан айырылған – жарымын жоғалтса, Отанынан айырылған – бәрін жоғалтады.

Ұлтымыз Отанға адалдығын қан майданда көрсетті. Жан берісіп, жан алысып қан кешті.

Алаш баласы даласындай жаны да, жүрегі де дархан, басқа елге де кең. Айрықша қасиеті: қай кезде де емін-еркін, ақжарқын, жылы жүзді, қонақжай. Жаманын жасырып, жақсысын асырып үйренген.Сәлем беріп, сәлем алып, төрін ұсынатын қалпынан айныған емес.

Алла-тағала Адамды жаратып, жан кіргізіп, сосын қасына барады. Аяқ астынан Адам сасып қалады. Сонда Алла бірінші болып: «Ассалаумағалейкум, Адам!» депті. «Алла сәлемі» деген содан қалса керек. Сәлемге адал халқымыздың дәтке де беріктігі хақ. Қазақ досшыл ұлт. «Өзіңді – сүт, досыңды – қаймақ деп біл» деген ертеден қалған сөз бар. Әйтсе де ең алдымен біз үшін керегі – қазақты сүю. Сократ пәлсапасы – өзіңді таны десе, Будда – өзіңді сүйе біл дейді, міне қазақ мүддесі адамзатпен үндесіп жатыр.

Сабырлы, сабыр түбі сар алтынды қадір тұтқан халықпыз. Бір кішкентай қазақ қызының қолында екі алмасы бар екен. Мұны көрген көрші орыс кемпірі қызды еркелете күлімсірей: «Күнім менің, сен әжеңе екі алмаңның бірін бересің бе?», – деп сұрайды.

Қыз бірнеше секунд көрші әжейге қарап тұрып, кенет қолындағы екі алмасын кезек-кезек тездетіп тістей бастайды. Сол сәтте көрші кемпірдің күлімсіреген жүзі өзгеріп, көңілі қалған күйін байқатпауға тырысты. Сүйкімді қыздың алмасымен бөліспегеніне іштей налып қалды. Кенет қыз қолындағы тістелген алмасының бірін әжейге ұсынып тұрып: «Әже, мына алманы ал, бұл ана алмаға қарағанда тәтті екен», – дейді. Кейуана өзінің асығыс ойы үшін ұялып, не дерін білмей қалыпты.

Қос мереке мерейлі болсын, ағайын!

Қымбатты қостанайлықтар!

Сіздерді 9-мамыр – Ұлы Жеңіс Күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сол бір қаһарлы соғыс жылдары алыстаған сайын оның маңызын біз ерекше ұғына түсудеміз. Біздің парызымыз – қаза тапқандарды қадір тұтып, арамызда жүрген соғыс ардагерлері және тыл еңбеккерлеріне ұдайы қамқорлық көрсету.

Сіздерге шын көңілден денсаулық, тіршіліктің ұзақ та жарқын, алаңсыз күндерін, жан шуағын, отбасыларыңыз бен жақындарыңызға құт-береке, қуаныш тілеймін!

Кенжебек Укин, Қостанай облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Қасымхан АЛДАБЕРГЕНОВ,
ҰОС-ның ардагері:

«Басты байлық – бейбіт күн!»

Барлық тірі жанға бейбітшілік керек. Өрмелеген жәндіктен адам баласына дейін өмір сүргісі келеді және тыныш өмір сүргісі келеді. Соғыс деген – өлім. Мен 1943 жылдың 10 қаңтарында әскерге алындым. Владимир қаласының 14-гвардия әуе-десант бригадасында әскери жаттығуда, кейін 1945 жылдың басынан жеңіс күніне дейін майданның алғы шебінде болдым.

Құдайға шүкір, қазір аспанымыз ашық, тіршілігіміз тыныш. Осы бейбіт күннің негізін соққан – Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Біз тек посткеңестік елдерге ғана емес, тұтас Еуропаға, тіпті бүкіл дүниежүзіне төнген фашистік қауіпке қарсы тұрдық. Венгрия, Австрия, Чехословакия елдерін неміс фашистерінен азат еттік. Сол жеңісті әкелген ұлттардың достығы, ынтымағы еді. Тылдағы еңбеккерлердің маңдай тері. 9 жастағы қаршадай балалар үстелдің үстіне шығып, таңнан кешке дейін білдекте (станокта) тік тұрып жұмыс істеді. Миллиондаған боздақтар оққа ұшты, далада қалды. Міне, сол жеңістің, бейбіт күннің қадірін білу керек. Адамзатқа өмірден қымбат нәрсе жоқ. Бір тілегім болса, енді соғыс болмасын дер едім.

Ер –елінің қорғаны

1-бет.

Қатал тәртіпті қатаң ұстанған Мұхит әскери адам болуды жастайынан аңсаған екен. Бала күнгі арманы ержеткенде ақиқатқа айналды.

– Әскерге барып, Отан алдындағы борышты өтеу кез келген ер-азаматтың міндеті. Мен әскери парызымды өтеп болған соң, осы салада қалуды ойладым. Өйткені, әскери қызметші болу менің бала күнгі қалауым еді. Алдымдағы екі ағам да әскери адамдар. Үлкеніміз Марат осы салада абыроймен еңбек етіп, құрметті зейнеткерлікке шықты. Екінші ағам Мұрат қызметін жалғастырып жатыр. «Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе, соңғысы солай жүреді» деген мақал бар ғой. Бәлкім, менің жауапты қызметті таңдауыма ағаларым себеп болған шығар. Десек те, өз таңдауыма еш өкінбеймін. Өйткені, ер елінің қорғаны болу керек, – дейді Мұхит Төребаев.

Көрші елдегі қазақ бірлестігі

Жақында Қостанай облысымен шекаралас Челябі облысының Троицк қаласында «Айқап» қазақ ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестігі құрылды. Тұсаукесерге Троицк қаласындағы жергілікті атқарушы билік қатысып, алдағы уақытта бірлесіп жұмыстар жүргізуге келісті.

«Айқаптың» негізгі мақсаты – қазақ диаспорасы өкілдерінің ұлттық құндылықтарды жоғалтпай, ата-дәстүрлері мен тілімізді ұмытпауы үшін жаңа серпіліспен жұмыс істеу. Бірлестіктің құрамында 25 адам бар. «Айқап» қоғамдық ұйымы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы Қостанай облыстық филиалымен және Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасымен тығыз байланыста жұмыс істейтін болады.

Челябі облысында 40 мыңға жуық қандастарымыз тұрады. Соңғы жылдары жастардың ұлттық құндылықтарға деген ынтасы ерекше. «Айқап» қазақ ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестігін құрған ынталы топ оның жұмысына жастарды тартуды ойластырып отыр.

Жаңадан құрылып отырған «Айқап» қазақ ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестігі ең алдымен диаспора өкілдері арасында, жастарға қазақ тілін үйретуді қолға алатын болады.

Б.СҮЛЕЙМЕНОВА, Қостанай облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы.

ЖАСТАР ІСІ

Тәжірибе мен тәрбие ұштасқанда

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Облыстық ішкі істер департаментінде Ішкі істер органдарына жаңадан қабылданған мамандар мен олардың тәлімгерлерінің слеті болып өтті. Аталған слетке ІІД бастығының орынбасары Мереке Алшағыров, Ішкі істер органдарының ардагерлері, ІІД-нің жеке құрамы қатысып, жас қызметкерлерге ақ тілектерін жеткізді.

Слеттің басты мақсаты – жас қызметкерлерді Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, патриоттық сезімге, өзі таңдаған мамандығын сүйе білуіне, өз маманының шебері болуына, қоғамда орын алар құқықбұзушылықтың алдын-алуға, халыққа жақын болуға, төзімділікке, сауаттылыққа тәрбиелеу.

Бүгінгі күні өңірімізде 300-ге жуық жас маман қызметке жаңадан қабылданып, еңбек етіп жүр. Оларға кәсіби білікті қызметкерлердің арасынан тәлімгерлер бекітіліп, өз жұмыстарын жүргізуде.

«Жас маманның еңбек жолының басталуы – ол адам өміріндегі қиын да жауапты кезеңдердің бірі. Кейбір жағдайларда жас мамандар қызмет барысында кездескен қиындықтарға шыдамай, төзімсіздік танытып, қызметтен кетуде. Бірақ, олардың тез арада қызметке бейімделуі, кәсіби шеберлігі мен біліктілігін арттыруы, біз аға буын тәлімгерлерге байланысты. Сондықтан, тәлімгер өздерінің тарапынан барлық көмектерін көрсетуі қажет. Біздің болашағымыз осы жастардың қолында», – деді ІІД бастығының орынбасары Мереке Алшағыров.

Аталған шара кезінде қызмет бабында қаза болған қызметкерлеріміз де ұмыт болған жоқ, олардың аттары аталып, ерліктері жас мамандарға сабақ болатындай сөз болды. Оларды еске алу мақсатында арнайы орнатылған ескерткішке гүл шоғы қойылып, бір минут үнсіздікпен еске алды. Сондай-ақ, слет барысында ІІД психологі Айна Ибраева жас қызметкердің қызметке бейімделуі тақырыбында дәріс оқыды.

Кездесу барысында Ішкі істер органдарындағы әр қызмет салалары бойынша тәлімгерлік жұмыстарды жоғары деңгейде атқарып келе жатқан үздік тәлімгерлер мен жас мамандар марапатталды.

СУРЕТТЕ: іс-шарадан көрініс.

1 мамыр күні Қостанай жұртшылығы Қазақстан халқы бірлігі күнін думандатуға қала орталығына жиналды. Татулығы жарасқан түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері мейрамға арналып ұйымдастырылған мәдени-көпшілік шараларға куә болды.

Тірлігі - тату, Бірлігі - Бекем

Жандос ЖҮСІПБЕК

Облыста тоқсаннан астам ұлт бірлігі жарасып өмір сүріп жатыр. Тілектес, пейілдес ағайын биыл да ортақ мереке аясында дос көңілмен қауышты. Ақ адал дастарханда рын жайып, ұлттық өнерлерінен шашу шашты. Облыс өнерпаздарының концерттік бағдарламасы да думанның шырайын келтіргендей.

Жиылған жұртты облыс әкімі Архимед Мұхамбетов арнайы келіп құттықтап, мызғымас бірлік қана бейбіт те баянды болашақтың кепілі болатынын айтты.

– Қазақ жеріне қоныстанған өзге этнос өкілдері жергілікті халықпен етене жақын араласып, бір атаның баласындай болып кетті. Біз үшін достық, бауырластық ұғымы тым бағалы. Қоғамдық келісім мен өзара түсіністік – еліміздің өркендеуінің негізі. Біздің еліміз осы бірліктің күшімен түрлі белестерді бағындырып келеді. Өңірдің дамуына қай-қайсымыздың да қосып жатқан үлесіміз өлшеусіз. Өткен жылы ынтымағымызды бекемдей түсетін елеулі оқиғалар өткенін де жақсы білесіздер. Мәселен, "Сабантой" мейрамын бір кісідей атап өтіп, Татарстан президенті Р.Минехановты мейман қылдық. Өзге көршілес бауырмал ағайынмен арамыз тату. Түрлі ұлт өкілдері қай мерекені де ортақтасып қарсы алады. Бұл – өзара мығым достығымыздың нышаны. Олай болса, бірлесіп көтеріп отырған шаңырағымыз аман, мереке құтты болсын, – деді өңір басшысы.

Мұнан соң, Архимед Бегежанұлы облыстағы Қазақстан халқы Ассамблеясына 2,5 млн теңгенің сертификатын тапсырды. Бұл қаржы жергілікті этно-мәдени бірлестіктердің офистерін жарақтандыруға жұмсалмақ.

Жиылған жұртшылық тамашалар қызық аз болған жоқ. Мәселен, ұлттық алкогольсіз сусындар көрмесі биыл алғаш рет ұйымдастырылды. "Бейбітшілік бояуы" сурет көрмесіне қостанайлық қылқалам шеберлерінің үздік туындылары қойылған. "Би өнері – әлемнің рухани елшісі" атты түрлі ұлт билерінің шеруі де думанның шырайын кіргізді. "Орамал – ұлттық мәдениеттегі әйел сұлулығының нышаны" музыкалық-этнографиялық қойылымы ерекше сәнімен баурады. Шара одан әрі облыс өнерпаздарының мерекелік концертімен жалғасты. Сондай-ақ, осы шаралармен қатарлас тоғызқұмалақ ойынынан және үстел теннисінен турнирлер өтті.

Айта кеткен жөн, осы күні әйгілі батыр Шақшақ Жәнібектің ұрпақтары облыс орталығындағы еңселі ескерткішінің түбіне жиналып, құран бағыштап, гүл шоқтарын қойды.

Суреттерді түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

Қазақстандықтар зейнетақы Қорының негізгі қызметтерін үйден шықпай пайдаланады

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылар мен алушылар үшін көрсететін қызметтерінің жартысынан астамын электрондық форматқа ауыстырды. Қазір электрондық қызметтердің үлес салмағы Қордың жалпы қызметтерінің 52 пайызын құрап отыр. Осылайша отандастарымыз өздеріне қажетті негізгі қызметтерді үйден шықпай алу мүмкіндігіне ие болды. Бұл оларға уақытты үнемдеуге жол ашты. Ал электрондық қызметтерді пайдалану бар болғаны бірер минутты ғана алады.

Осы ретте Қорда электрондық қызметтердің үлес салмағын 2021 жылға дейін 55 пайызға жеткізу жоспарланғанын айта кеткен жөн.

Еске сала кетсек, зейнетақы Қоры салымшылар мен алушыларға ыңғайлы да сапалы және заманауи қызмет көрсету мақсатында 2017 жылдың маусым айында Қордың enpf.kz сайты арқылы бірқатар маңызды электрондық қызметтерді іске қосқан еді. Содан бері 2018 жылдың 1 сәуіріне қарай бұл қызметтерді 20 мыңға жуық адам пайдаланып үлгерді.

Атап айтқанда, 2298 салымшы Қор сайтының "Жеке кабинет" бөлімі арқылы (логин және құпия сөз (пароль) немесе Халыққа қызмет көрсету орталығы беретін электрондық цифрлық қолтаңбаның (ЭЦҚ) көмегімен) онлайн тәртібінде жеке зейнетақы шотын ашса, 987 алушы (зейнет жасына толған азаматтар мен 1-ші және 2-ші топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандар) зейнетақы төлемдерін тағайындау жөнінде өтініш берген. Ал 11 754 адам жеке деректемелеріне өзгерістер енгізсе, 4155 салымшы зейнетақы шоты бойынша ақпарат алу тәсілін интернет байланысы арқылы алуға ауыстырған.

Зейнетақы шотының жай-күйі туралы ақпаратты жылына бір рет конверт арқылы алатындар саны біртіндеп азайып келеді. Оның орнына электрондық тәсілмен алатындар саны артуда. Өйткені, өте ыңғайлы: шотқа зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыстың қалай түсіп жатқандығын қалаған уақытта, кез келген жерде қадағалап отыруға мүмкіндік береді. Осылайша 2018 жылдың 1 қаңтарына қарай зейнетақы шотының жай-күйін электрондық жолмен біліп отыратындар саны 4 миллион 700 адамға жетті. Олардың ішінде шамамен 800 мың адамға шоттан үзінді-көшірме электрондық поштасына келсе, 3 млн 900 мың адам ақпаратты қалта телефондарына жүктеген "ENPF" ұялы қосымшасы арқылы алады.

Логин мен құпия сөзді қолданар кезде логиннің орнына жеке куәліктегі жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) енгізіледі. Ал құпия сөзді өзіңіз ойластырасыз. Сонымен қатар, отандастарымызға кез-келген уақытта Қор сайтындағы "Жеке кабинет" арқылы зейнетақы шотының жай-күйі туралы үзінді-көшірме мен зейнетақы шотының бар-жоғы туралы анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Айтпақшы, деректемелерге жеке басты куәландыратын құжаттың деректері (түрі, нөмірі, күні мен осы құжатты берген орган), пошталық немесе электрондық мекенжай, телефон нөмірлері жатады.

Қор сайты арқылы өтініш жолдағандардың қалта телефондарына сол өтініштің орындалу барысы жөнінде СМС хабарлама жіберіліп тұрады.

2017 жылдың соңында Қордың барлық 18 филиалында өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары орнатылды. Енді салымшылар мен алушылар осы заманауи технология арқылы зейнетақы шотын ашудан бастап, зейнетақы төлемдерін тағайындауға дейінгі барлық дерлік электрондық қызметтерді пайдаланып, Қор маманына кезек күтіп отырмайды.

2018 жылдың 28 ақпанынан бастап, Қор сайтында кезекті жаңа электрондық сервис іске қосылды. Ол: "ЖЗШ ашу жөніндегі өтініштің/зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жаңа редакцияда алу" (немесе "Көшірме нұсқалар") деп аталады. Бұл қызмет қазіргі кезде Қор салымшылары арасында ерекше танымалдыққа ие. Мысалы, 2016 және 2017 жылдары БЖЗҚ бөлімшелерінде келушілердің сұрауы бойынша оларға шарттардың 2,9 миллионнан астам көшірме нұсқасы берілді.

2018 жылдың алғашқы жартысында Қор сайтында ЭЦҚ арқылы ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы (өз пайдасына) шарт жасасу қызметін іске қосу көзделуде.

Әрине, зейнетақы Қоры сайтты жаңарту және цифрлық қызметтерді дамытумен шектеліп қалмайды. Бүгінде ұялы байланыс операторларымен тығыз байланыс орнатылып жатыр. Ондағы мақсат – абоненттерге "ENPF" ұялы қосымшасын трафикті есепке алмай пайдалануға мүмкіндік беру. Қазірдің өзінде Tele2 және Altel бірлескен компаниясының абоненттері өздерінің шоттарында теңгерімнің бар-жоғына қарамастан Қордың ұялы қосымшасын пайдалана алады. БЖЗҚ жақын болашақта басқа да операторлармен осындай келісім жасасуды көздеп отыр.

Сонымен қатар, зейнетақы Қоры тарапынан халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына, оның ішінде әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандарға ерекше көңіл бөлініп жатқандығын айта кеткен жөн. Мысалы, 2017 жылы Қордың "Мобильдік агент" жобасы аясында 2016 жылға қарағанда 6,5 есе көп операция орындалды. Яғни, Қор мамандары өткен жылы тұтынушылардың үйлеріне барып қызмет көрсету бойынша 7,1 мың көшпелі шара өткізіп, 189,5 мың операция жасады. Салыстырып қарасақ, 2016 жылы 1,1 мың ғана көшпелі шара өткізіліп, 29 мың операция жүзеге асырылған.

БЖЗҚ салымшылары мен алушыларын зейнетақы шотындағы жинақтардың құнсызданып кетуі мазалайтыны сөзсіз. Бұл тұрғыда 2017 жыл табысты жыл болды. Салымшылар мен алушылардың жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс сомасы 550,6 млрд теңгені құрап, Қордың зейнетақы активтерінің табыстылығы 7,92 пайызға жетті. Ал бұл кезеңде инфляция деңгейінің 7,1 пайыз болғанын еске саламыз.

2018 жылдың алғашқы үш айы ішінде таза инвестициялық табыс 66 млрд теңгені құрады. Қордың зейнетақы активтерінің табыстылығы 2017 жылдың наурызы мен 2018 жылдың наурызы аралығында 7,99 пайызға жетті.

Ал бұл кезеңде инфляция деңгейі 6,6 пайызға жетіп, табыстылық инфляция деңгейінен жоғары болды.

Сондай-ақ, Қорда зейнетақы активтерінен алынатын комиссиялық сыйақының шамасы 2018 жылға айына 33 пайызға азайтылып, 0,015 пайызды құрады. Бұған дейін ол 0,0225 пайыз болатын.

Биыл наурыз айында TÜV Thüringen e.V (ТЮФ Тюринген, Германия) халықаралық компаниясының аудиторлары Қордың Сапа Менеджменті Жүйесіне сертификациялық аудит жүргізді. Мақсат – оның халықаралық ISO 9001:2015 стандартына сәйкестігін растау. Сертификациялық аудит сәтті өтіп, Қор ТЮФ Тюринген компаниясынан халықаралық сертификат алды. Бұл Қор тарапынан көрсетілетін қызметтердің жоғары сапаға ие екендігін білдіреді.

2018 жылғы 8 сәуіріне қарай зейнетақы жинақтарының жалпы сомасы 8 триллион теңгеге жетіп, былтырғы жылдың сәуір айынан бері 1,1 трлн теңгеге көбейді. Яғни, бір жыл ішіндегі өсім – 16,6 пайызды құрады.

Ал, шарттардың барлық түрлері бойынша жеке зейнетақы шоттарының саны 2018 жылдың 1 сәуіріне қарай 10 миллионнан асты. Нақты: 10 114 904 шот. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 70 979 бірлікке артық. Яғни, өсім – 0,7 пайызды құрады.

Осылайша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатынасқан бүкіл кезеңі – жеке зейнетақы шотын ашқаннан бастап, зейнетақы төлемдерін алғанға дейін оған онлайн тәртібінде қызмет көрсетуге дайын екенін дәлелдеді.

Жаппарберген АЙБОТА.

Жыр арқауы – Астана

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Оқушылар арасындағы облыстық "Жас тұлпар" дәстүрлі айтысы да өз мәресіне жетті. Биыл 26-шы рет сөз жарысына түскен өрендердің Әулиекөл жерінде бас қосқанын айта кетейік. "Жас тұлпарлықтар" дәл осы ауданға тура ширек ғасыр салып оралып отыр. "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасы аясында ұйымдастырылған жыр доданың басты тақырыбы Елорданың 20 жылдығына арналды.

Бұл жолы өніріміздің ауданқалаларынан 16 ақын 8 жұп болып сөз қағыстырды. Бұған дейін сөз додасына түсіп үйреніп қалғандар мен алғаш рет сахнаға шығып, жарқ етіп көзге түскендер де баршылық. Осындай ел ықыласына бөленген түбіт қанаттың бірі – әулиекөлдік Айбек Ғабдуллин екенін айта кеткен жөн. Сөз саптасы кесек, шумақтары жұмыр, шымыр. Тарихтан кең көсіліп толғау жағынан алдына жан салған жоқ. Әрі, тақырыпты да орамды аша түсті. Өзін "Өр ақын Әсияның сынығымын" деген Айбек қарсыласы Данияр Нығматовқа "Құлагердей көсіліп шапқың келсе, Ақандай алдан шығып жол қарайын" деген теңеуі өте ұтымды шығып жатты.

Көпшілікті елең еткізген тағы бір жұп тарандық Еркебұлан Әсет пен Сарыкөл ауданының үкілеген аруы Құндыз Адырбаева арасында өтті. Еркебұлан қарсыласына "Құндыз қызға аспандағы жұлдызды алып берем" дегеніне, Құндыз да қарап отырмай, "Жұлдыз алып берем деп қиялдамай, ауданыңды Бейімбет деп өзгертіп ал" деп әзіл де болса ащы мысқылмен түйреп өтті. Еркебұлан биыл ауданның Майлин атауын алған құрметіне дүркіреген той өтетінін айтып, көрермен мерейін көтеріп тастағанын айтпайсыз ба! Лайым солай болғай дегеннен басқа айтар жоқ.

Ал алтынсариндік Ерасыл Рашиттің әулиелі мекеннің жер атауларын әдемі сөзбен өрнектей келе, "Бір ғана Әулиекөлдің құшағына, Астананы әкелсе де сияды екен" түйіні залдағы ағайынның мерейін өсіріп жібергендей. Ерасыл Жанкелдиннен келген қарсыласы Бекзат Нұрмұхамедті "Ұстазың Байбатыр Торғайдан ақын таппағандай, Сужарғаннан өзінің туысын әкеліпті" деп түйреп алды.

"Ұстазың Балтасар мен
Тобалардай,
Көтерген алып таулар
Толағайдай.
Ал өзің қайдан келдің
қаңғалақтап,
Тасқыннан қалып қойған
шорағайдай".

Бұл шумақ Алтынсарин ауданынан келген тағы бір жас өрен Ержан Сәндібектің аманкелділік Жауынбай Жылқыбайұлына қарата айтқан әзілі.

Көрермен көзайымына айналған тағы бір жұп – Қостанай қаласының атынан шыққан Досбол Мысыр мен рудныйлық Жамбыл Тоққожаев болды десек, артық айтқандық емес. Құртақандай екеу жеңіл қалжың, шымшыма сөздерімен көпшілікті күлкіге батырып отырды.

Ал жітіқаралық Әл-Фараби Төрезат пен арқалықтық Талғат Рағатов сайысының бірлікке үндеуі жарасып-ақ тұр. Әсіресе, Талғаттың "ене мен келін, туыс пен туыс, билік пен бұқара айтыспай, айтыс тек ақындар арасында ғана болсын" дегені елді тәнті қылды.

Сегіз жұптың негізгі жыр жарысы аяқталған соң жоғары ұпай алған төрт айтыскер ақтық додада қысқа-қысқа сөз қағыстырып, сұрақ-жауапқа көшті.

Үшінші орынға тағайындалған төрт жүлдені Досбол Мысыр, Ержан Сәндібек, Жауынбай Жылқыбайұлы, Жамбыл Тоққожаев бөлісті. Екінші орынның сыйлығы Еркебұлан Әсет пен Талғат Рағатовтың қанжығасын майлады. Бірінші орын әулиекөлдік Айбек Ғабдуллинге бұйырды. Ал айтыстың бас жүлдесін аманкелділік Жанболат Мықыш иеленді. Айта кетейік, белгілі айтыскер ақын Бүркіт Бекетовтің шәкірті Жанболат жақында оқушылар арасындағы республикалық "Ақберен" айтысына қатысып, жүлделі екінші орынды және Қарағандыдағы "Болашақ" академиясының оқу грантына ие болып оралыпты. Бұл жолы сарауыз балапандарды баптағандар арасынан газетіміздің Торғайдағы тілшісі Байбатыр Ахметбеков "Үздік тәлімгер" атанды.

Облыстық мәдениет және білім басқармалары атынан берілген жүлде қорынан бөлек, Әулиекөл ауданының әкімі Жансұлтан Тәукенов талапты жастарға бірнеше аталым бойынша ақшалай сыйлық тағайындапты.

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Ұлттар достығын паш етті

Аманкелді орта мектебінің жанындағы "Айгөлек" тобы 1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күнін ерекше атап өтті. Мектебіміздің жанынан құрылған шағын орталықта 2-3 жастағы 25 тәрбиеленуші бар. Бөбектерге Болболсын Жақаева мен Бибігүл Каримова сынды білікті мамандар жетекшілік етеді. Мереке аясында жаңа технологиялық элементтер қолданылып, арнайы сабақтар өткізілді. Бөбекжай іші атаулы күнге сай айрықша безендірілді. Төрге "1-Мамыр", "Достық", "Бірлік", "Ынтымақ" сөздері көркем кестеленіп жазылып, ілінді. Түрлі-түсті шарлар ілінді. Мерекелік кешке қатысушы балдырғандар Қазақстан картасына үлестірмелі материалдар – күн, көгершін, гүлді магниттік тақтаға жапсыру арқылы өз тілектерін білдірді.

Ел аумағында мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған "Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан" атты іс-шарада кішкентай бүлдіршіндеріміз өз өнерлерін ортаға салды "Бірлік бар жерде – тірлік бар" дейді дана халқымыз. Бұл сөз тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз дамып келеді. Еліміз өркен жайып, әрбір шаңырақ шаттық пен қуанышқа кенелсін. Қазақ халқы өте қонақжай халық. Келген қонағын қуана-қуана қарсы алады.

Балаларымыз өзге ұлттар; өзбек, орыс, қазақ, грузин билерін барынша билеп өз өнерлерін көрсетті. Атап айтсақ: Боранбай Алмас, Тоқтар Айару, Саянқызы Кәусәр, Жақсылық Бақтылы, Болатбек Хамида, Ғарифолла Дияс, Боранбай Әділ көрермендердің көзайымына айналды. Болашақта осы балаларымыздан зор үміт күтеміз. Мерекелік шараға қатысқан ата-аналар мен тәрбиешілер, мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Мәлике Шәйкемелова апайлар өз тілектерін білдірді.

1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мерекелік жиынды аяқтай келе, барлық өзге ұлттарды ортаға қазақтың "Қара жорға" биін билеуге шақырды.

Бибігүл КАРИМОВА,
Аманкелді орта мектебінің "Айгөлек" тобының тәрбиешісі.

Шеген ауылы.

ТЕРРОРИЗМ – КЕСАПАТ

Салдарын жойғанша, алдын алған жөн

Терроризм – қазіргі жаһандану шы заман қатерлерінің бірі, ол өзінің формалары мен көріністерінің ауқымдылығы және жиілігінен, адамзатқа қарсылығы мен қаталдығы тұрғысынан әлемдік қауымдастық алдындағы түйткілді мәселеге айналды.

Конфессияаралық келісіміміз және қоғамдық-саяси тұрақтылығымыз – еліміздің басты құндылығы. Бүгінгі жастар біздің ертеңгі болашағымыз, сол үшін олардың түрлі радикалдық қозғалыстарға қарсылығын жан-жақты дамыту, тіршілік әрекетінің қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру қажет.

Мамандардың айтуынша, діни экстремизм және терроризмнің бағыттарына психикалық тұрғысы әлі қалыптаспаған оқушылар бейім екен. Сондықтан да, біздің міндетіміз – жастарымызды экстремизм мен лаңкестіктен бойын алшақ ұстауға дағдыландыру, кез-келген жағымсыз іс-әрекеттерге тойтарыс беруге тәрбиелеу болып табылады.

2018 жылдың 23 сәуірі мен 4 мамыры аралығында Қостанай облысы мектептері директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен педагогтары арасында "Өрлеу" БАҰО" АҚФ білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын республикалық институтының аға оқытушысы Байболова Гүлжанат Габдулахметқызы "Мектеп оқушыларының арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алуды басқаруда құзыреттілік тәсіл" тақырыбында екі апталық курс өткізді.

Курс барысында елімізде, әсіресе, жастар арасында кеңінен қанат жайған дінге қатысты қазіргі таңдағы өзекті мәселелер қарастырылды. Дін атын жамылған діни ұйымдардың қоғамға тудыратын қауіп-қатері мен зияны талқыланып, ғасырлар бойы үзілмей жалғасын тауып келе жатқан ата-бабамыз ұстанған дініміз бен дәстүріміздің ауытқымай, керісінше тереңінен зер сала назар аудару қажеттілігі зерделенді. Діни теріс идеология бүгінгі күні ғаламтордың торынан арыла алмайтын жас ұрпақ арасында тез тарап келе жатқандығын айта келе, оқушылар арасында өткізілетін "Дінтану" пәнінің маңыздылығы талқыланды.

Айткүл СЕЙТҚАЛИЕВА,
Әулиекөл ауданы,
№28 Құсмұрын орта мектебінің тарих пәні мұғалімі.

ЖАҒДАЯТ

Жағдайдың алдын алу маңызды

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Қостанай облысының ТЖД төтенше жағдайларды жою және алдын алу бойынша облыстық комиссиясының кезекті отырысы өтті. Іс-шара төтенше жағдайларды жою және алдын алу бойынша комиссия төрағасының орынбасары С.Карплюктің төрағалығымен өткізілді.

Отырыс жұмысына төтенше жағдайларды жою және алдын алу бойынша облыстық комиссияның мүшелері, ТЖД әкімшілігінің жауапты қызметкерлері мен басшылары, Қостанай, Таран, Әулиекөл аудандарының жауапты қызметкерлері қатысты. Жиналғандар ауылды мекендердегі мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің материалдық техникалық жағдайын талқылады. Осы жылдың соңына дейін Денисов, Қамысты, Сарыкөл, Федоров аудандарының аумақтарында өрт бекеттерін құру туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, өрт кезінде зардап шеккендерге ерікті өрт сөндірушілердің алғашқы медициналық жәрдем көрсете алатын оқыту жүргізу керек деген де ой білдірілді. Қалалардың, аудандардың, ауылдық округтердің әкімдеріне өрт бекеттері құрылған аумақтарды осы жылдың соңына дейін қаржыландыру тапсырылды.

Облыстың далалы аумақтар мен ормандарды қажетті деңгейде өртке қарсы қорғаныспен қамтамасыз ету, сондай-ақ орман мен дала өрттерін жоюға дайындық деңгейін арттыру туралы шешім қабылданды. Көктем кезінде дала өрттері егіс жұмыстарын жүргізу кезінде туындап жататыны бар. Оның алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру, облыстың бірқатар елді мекендерінде өртке қарсы ерікті құрылымдардың ұйымдастырылуы қажет.

Алда келе жатқан суға шомылу маусымында облыстың су айдындарында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, суда (жағажайда) азаматтардың ресми демалыс орындарын құру, рейдтер мен патрульдеу акваториясын жүргізу жөнінде жұмысты ұйымдастыру міндеті де алға қойылды.

ТЖД техникалық қызмет және құлақтандыру бөлімінің бастығы В. Лысенко өз сөзінде төтенше жағдайлардың алдын алуға байланысты біраз мәселелерге тоқтала кетті. Отырыста айтылған мәселелер уақытылы орындалуы тиісті.

Екпеден бас тарту жиілеп барады

Қарлығаш ОСПАНОВА

Қостанайға "Вакцинология" қоғамдық бірлестігінің президенті, Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының Алматы қаласындағы филиалының эпидемиолог маманы Айнагүл Қуатбаева мен ҚазҰМУ неврология факультетінің профессоры Гүлнәр Мұхамбетова келді. Дүниежүзілік иммундау апталығы аясында тәжірибелі мамандар жергілікті тілшілермен баспасөз мәслихатын өткізіп, аймақтық әлеуметтік-медициналық семинарға қатысып, вакцина туралы, оның пайдасы мен екпеден бас тартудың зияны туралы әңгімеледі.

Бүгінде ата-аналар арасында екпе егуге қатысты теріс пікір қалыптасқан. Олар вакцинаның кесірінен сәбилері ауруға шалдығады деп қорқады. Соған байланысты екпе егуден бас тартып жатады. Сондай-ақ, иммундау шараларына қарсылық білдірген отбасылардың кейбірі түрлі діни ағымдарды ұстанғандар екен. Ағымдағы жылдың жарты жылдық қортындысы бойынша Қостанай облысында 299 екпеден бас тарту тіркелген, бірақ өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш (317) сәл төмендеу көрінеді. Екпеден бас тартулардың жоғары үлес салмағы Қостанай, Лисаков, Арқалық, Рудный қалалары мен Жітіқара, Таран, Әулиекөл аудандарында белгіленіп отыр. Дегенмен, мамандар өңірде вакцинацияланған балалардың қауіпті жұқпалы індетпен науқастану деңгейінің азайғандығын айтады.

– Жыл сайын елімізде сәуірдің 2-29 аралығында иммундау апталығы өткізіледі. Иммундау апталығы 2005 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымы бойынша жүргізіле бастады. Ал, біздің елімізде бұл іс-шара 2007 жылдан бастап қолға алынды. Апталықтың негізгі мақсаты халық арасында вакцинацияның қауіпсіздігін, оның пайдасы туралы халыққа кеңінен мәлімет беру болып табылады. Соңғы кездері ата-аналардың баласына екпе салдырудан бас тартуы жиілеп барады. Екпеден бас тартқандардың 70 пайызы өздерінің шешімінің дұрыс екендігіне сенімді. Қалғандары болса, балаларына медициналық көрсеткіштерге сай екпе жасатпайды. Ал, шындығында уақытылы екпе егу – аурудың алдын алудың бірден бір жолы, – дейді Айнагүл Қуатбаева.

Әрине, екпе жасатпау – әр ата-ананың құқығы. Әйтсе де, мұның арты қайғылы жағдайға әкелуі әбден мүмкін.

Әскери қызметтің беделі биік

Биылғы көктемгі әскерге шақыру науқаны аясында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери құрылымдары мен басқа да әскер түрлерінің қатарын 800-ден астам қостанайлық азамат толықтырмақ. Қостанай облысында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Елбасының жыл сайынғы Жарлығына сәйкес наурыз айынан бастап маусым айының аяғына дейін жүргізілетін болады.

Әскерге шақыру шарасын сапалы ұйымдастыру және өткізу мақсатында әскери-медициналық комиссия бар күш-жігерін салуда. Қазіргі күні әр шақырылушымен жеке әңгімелесулер жүргізіліп, алған білімі мен мамандығын, отбасы жағдайын зерделеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жергілікті медицина өкілдерінен құрылған медициналық комиссия әскерге шақырылушылардың денсаулық жағдайларын жіті тексеріп, әскери қызметке жарамдыларын анықтап іріктеу жүргізіп жатыр.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, бозбалалардың көпшілігі салмақтың жетіспеушілігі, көздің нашар көруі сынды себептер бойынша әскери қызметке жарамсыз деп танылады.

Юрий Исмагулов, ортопед-травматолог: "Жыл сайын әскерге шақырылушылардың саны өсіп келеді. Біздің ұлан-ғайыр елімізді қорғай алатын сарбаздарымыз көп болуы керек. Сол себепті, Отан қорғаушыларымыздың денсаулығы басты назарда. Сондықтан да біздің әскери-медициналық комиссия әскерге шақырылушыларды жіті тексеруден өткізеді. Және олардың денсаулық жағдайларының ерекшеліктеріне сай, әр түрлі әскери тектер мен құрылымдарға іріктелінеді. Мысалы, Мемлекеттік күзет, Әскери-теңіз Күштері сынды еліміздің әлеуетін көрсететін әскери құрылымдарға бойы ұзын, салмағы қалыпты, барлық көрсеткіштер бойынша жарамды жігіттерді ғана жолдаймыз. Ал денсаулық жағдайында белгілі бір кемшіліктері бар бозбалаларды қосымша тексеруге жібереміз. Кейінгі кезде өмірімізде өте жиі қолданылып жүрген гаджет, смартфон, компьютерлер денсаулыққа кері әсерін беру себебіне байланысты, көру қабілеті нашар балалар жиі кездеседі".

Егемен елдің тыныштығын қамтамасыз ету, бабадан қалған қасиетті жерді қорғау – әр сарбаздың абыройлы міндеті. Ежелден аталарымыз ғасырлар бойы туған елін қорғап, ұрпағына аманат етуді басты міндеті деп санаған. Бұл қағиданы қазіргі күннің ұрпағы да жақсы түсінеді, шақырылу жасындағы азаматтардың көбі әскери өмірге асқан қызығушылық танытуда. Жастардың Отан алдындағы абыройлы борышын өтеуге жігер-ниеті басым. Қостанай қаласынан шақырылып отырған Жолдас Нұғыманов әскери өмір – ер жігітті қайраттылық, қайсарлық, төзімділік сынды қасиетке, темірдей тәртіпке баулитын өмір деп біледі.

Жолдас Нұғыманов, әскерге шақырылушы: Әскерде қызмет етуді Отанын қорғау, өз азаматтық борышым деп есептеймін. Және менің ағам - әскери қызметші. Сол кісі маған үлкен үлгі болды десем де болады. Себебі әскери қызметте жүру, менің ойымша, ер балаларды жігерлі, намысты болуға тәрбиелейді.

Назгүл ШАБДАРОВА, Қостанай облысы бойынша Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің баспасөз қызметшісі.

Тәуелсіздік энциклопедиясы

Аманкелді аудандық орталық кітапханасының оқу залында Елбасы Н.Назарбаевтың "Тәуелсіздік дәуірі" атты кітабының тұсаукесері өтті. Атаулы іс-шараға "Нұр Отан" партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Әбдіғали Нағашыбай, зейнеткер Бимырза Нұрсейітов және аудандық мәслихат депутаты Гүлжәмила Баженова, Аманкелді және Ы. Алтынсарин орта мектептерінің оқушылары қатысты.

Тарихи публицистика жанрында жазылған, қазақ және орыс тілдерінде басылған Елбасының бұл еңбегі еліміздің жаңа тарихы мен оның ертеңіне деген автордың көзқарасын танытады. Сөз басында Президент: "Бұл кітап менің ұлы қолдаушым, кемел келешегіне өзінің қазақстандық жолымен қарыштаған жасампаз халқыма арналады", – деп кітаптың мазмұнын айқындап береді. Елбасымыздың жүрек төріндегі толғанысталық кітапханасынан шыққан бұл кітапты Тәуелсіздік энциклопедиясы деп атауға толық негіз бар.

Жаңа туындыда егемен мемлекеттің негізі қаланған күннен бастап оның қалыптасу кезеңдерінің ерекшеліктері мен 26 жылдық тәуелсіздік дәуіріндегі ішкі және сыртқы сын-қатерлерді еңсеруге байланысты қабылданған шешімдердің мәнмазмұны мен тетіктері егжей-тегжейлі баяндалады. Сондай-ақ, кітапта "Қазақстандық даму үлгісінің" табиғаты мен оның эволюциясы, басты ұстанымдары мен қозғаушы күштері сараланған. Қазақстанды жаңғыртудың үш толқыны кеңінен ашып көрсетілген. Кітап еліміздің жаңа тарихын тұтас қамтыған, мазмұны аса бай 4 бөлімнен тұрады. Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Мөлдір Әміржанова кітап жөнінде қысқаша мағлұмат беріп, шолу жасады.

Аманкелді аудандық орталық кітапханасы.

Оқу-жаттығу шарасы

Қостанай әуежайында тырысқақ ауруын оқшаулау және жою бойынша оқу-жаттығу шарасы өткізілді. Сценарий бойынша, Тобыл өңіріне Үндістаннан келген азамат тырысқақ дертін жұқтырған. Осыған орай, санитарлық қызмет өкілдері ауруды залалсыздандыру жұмыстарына кірісті...

Оқу-жаттығу барысында аса қауіпті және карантиндік жұқпалы індет анықталған жағдайда науқасты арнайы ауруханаға жатқызу, онымен қарым-қатынаста болғандарды оқшаулау тәрізді тиісті шаралар жүзеге асты.

Жалпы, шараны өткізудегі басты мақсат – қоғамдық қауіпсіздікті қадағалайтын тиісті мекемелермен бірігіп, аурудың алдын алу, жұқпалы кеселдің ел көлемінде таралып, көбеюіне жол бермеу.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ.

АРДАГЕР

Соғыс енді аяқталып, ел есін жиса да, еңсесін тіктей алмай жатқан шақта бала демей, қарт демей, барлығы бірдей шаруашылықты көтеру жолында еш аянған жоқ. Сондай қысылтаяң шақта бала күнінен қара жұмысқа араласқан Әкім Нұрахметұлы Бакиннің жасаған еңбегі аңызға бергісіз. Әулиекөл ауданы Сұлукөл ауылының тумасы жастайынан қой бағып, шөп шауып өсті. Әкесі Нұрахмет шаруашылықтың құрылыс жағында жұмыс істегесін, бала Әкім оған Сұлукөл ауылының сыртындағы Қарағайсай, Бестамақ, Қаратүбек жерінде үш қора салуға көмектескен екен.

Бүгінгі күні Қостанай қаласында тұратын 93 жастағы қарияға сәлем бере барып, өткен өмірінен аз-кем сұрап қайттық. Соңғы бірнеше жыл өздігінен жүріп-тұруы қиындаған ақсақал облыс орталығындағы күйеу баласы Ғабит пен қызы Балдырганның қолына көшіп келіпті. Қайратты, тың, бес уақыт намазын қаза қылмай келе жатқан тыл ардагерінің өмірін шытырманға толы болған десек, қателеспейміз.

Ауылды балықпен асыраған тыл ардагерінің өмірінен

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Шөп орып, ау салған жылдар

– Бозбала шағымда төрт өгізбен шөп шаптым. Арасында әкеме қора салуға қол ұшын беріп, балшығын өгізбен басып берем. 1942 жылы әкем майданға аттанды. Сталинградта мерген атқыш болған екен. Басында бір рет жараланып, тәуір болған соң қайтадан сапқа тұрады. Бірақ 1943 жылдың наурыз айында оқ тиіп қаза болыпты. Үйге "қара қағаз" келді. Ал шешеміз Мүгілсім де сол жылы дүние салып, төрт бала жетім қалдық. Мен үйде үлкенімін. Ең кенже інім екі жаста болатын. Ендігі жерде бауырларымды бағып-жеткізу менің мойнымда қалды, – дейді өткен күндерді еске алған ақсақал.

Жастай шымыр өскен Әкім 1944 жылы Майкөл ауылының Аққабақ фермасына барып, үш ат жегіп шөп шабады. Ол кезде ер азаматтардың бәрі соғыста. Бұған дейін де төрт өгізбен шөп шауып, маялап үйренгені бар, орақ қайрай алады, бұл шаруа аса қиын бола қоймапты. Бірге шыққан шөпшілерден екі есе артық жұмыс істегені былай тұрсын, тіпті, түскі асқа да келмейді екен. Әкімнің ең алғашқы көзге түскені сол жер екен, Майкөл кеңшарының басшысы мен агрономы келіп, басқаларға үлгі болған оған костюм шалбарымен кигізіпті. Ол кезде шаруашылық тарапы шөп шапқаныңа ақы төлемей, орнына шөп береді екен. Жас озат шөпші сол берген шөпті Қостанайға әкеліп сатып, ақша қылдым дейді:

– 1944 жылы қысқа қарай балық аулаушылардың қатарына қосылдым. Шилі ауылының маңында көл бар, Әулиекөлдегі промкомбинат атынан 22 адам сонда жұмыс істедік. 500 метрлік сүзекіміз болады. Бір күн бойы мұз ойып, сүзекіні суға саламыз да, келесі күні тартып аламыз. Сонда кейде 7 тоннаға дейін балық шығарып тұрған кезіміз болды. Ал жазда әрқайсымыз жеке-жеке кетеміз.

Мына бір қызық әңгіме көнекөз қариялардың есінде болар. Дәл осы соғыс уақытында Әулиекөл, Науырзым өзенкөлдерінен шыққан балықты Челябіден танк келіп тасып жүреді екен. Сол майданға арналған машинаға төрт бұрышты қорап салынып, оған он тоннаға дейін балық тиеледі дейді. Әлгі танк қыстың күнінде Науырзым елінің Данабике жағындағы көл үстінен өтіп бара жатқанда, мұз ойылып кетіп, суға батып кетеді. Абырой болғанда, машинисі аман қалыпты. Кейін соны көлден шығарып аламыз деп біраз техника, тіпті, тікұшақ жұмылдырып көрген екен, түк шықпапты. Тек кейінгі уақытта ғана көтеріп алды деп естиміз.

1951 жылы Сұлукөлдегі қысқы мал азығына арнап шұңқыр қазу шаруасы Әкім Бакиннің мойнына жүктеледі. Ұзындығы 15, ені 3, тереңдігі 3 метр жерді бір айда қазып шығарыпты. Оны аяқтап бола салысымен, қасында екі адам алып шөпке шығып, жаяу мая үйгені тағы бар. Ал келесі жылы құрылыс жұмыстарына қажетті тас қазу жұмысына жіберіледі. Және күзде Уәли деген жігіт екеуі қол орақпен Шұқыр көлінің қамысын шауып бітіріпті.

Үкімет мінгізген үш көлік

Осылайша, қыс мұз үстінде, жаз су бойлап бірнеше жыл балық аулаған Әкім Нұрахметұлы 1953 жылы Сұлукөл кеңшарының қойын бағуға жұмысқа кіреді.

– Әуелде үш-төрт жыл бойдақ қой бақтым. Соны бордақылап, тойынған малды Троицк қаласына айдаймыз. Төрт жарым мың қойды Мұқан, Ақмолда деген жігіттер бар үшеуіміз қасымызға көмекшілер алып, мың жарым қойдан бөліп алып апардық. Мен шопандардың бригадирімін. Көрші елдің қаласына 45 күн жүріп бардық. Өзімнің екі інім бар бірге еріп жүрген. Сол қойды етке тапсырып едік, ондағылар орташадан жоғары деп бағалады. Осыдан кейін басшылық маған қозылы қойдың отарын берді.

Жүз саулықтан 147 қозы алған шопанымыз озат атанып, ауыл асып, аудан, облыс басшыларының көзіне түсе бастапты. Сол беделінің арқасында облыстық кеңестің депутаты мандатын иеленген жан. Еңбекті бағалағандық қой, сол уақытта обкомның бірінші хатшылығына Бородинді сайлап, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов келіпті. Сол сайлаудан кейін үлгілі жұмысшыларды марапаттаған кезде Әкім Бакин де озаттардың қатарынан көрінеді. Алғашқы үлкен сыйлығы – "Москвич" жеңіл көлігі болатын. Бірақ бұл тәжірибелі шопанның мінген бірінші көлігі емес. Бірде аудандық атқару комитетінің хатшысы келіп, машинаға қарап тұрып, "мына көлігің тозыпты ғой, жаңасын алсаңшы" дейді. "Москвичті" сатқаннан кейін үкімет атынан жаңа ақ "Жигули" мінеді. Ал зейнет жасына жақындағанда тағы бір темір тұлпар сыйға алған екен. Үш көліктің сыртында көзге түскен шопан сол кездегі КСРО-ның ең көрікті демалыс орындарына жолдама алып, әжептәуір сый-құрметке бөленді.

Қасқыр өлтірген түн

– Қозылы қой алған қысты аяқтап, келесі көктемде екінші отар қоздайтын болып, соны күзетіп жүрдім. Бір күні албарға келіп, шөп тиелген шаналы екі өгіздің арасына жата қалдым. Үлкен тұлыбым, су өткізбейтін плащым бар. Бір уақытта өгіз қозғалып, аяғымды басып кетті. Не болды деп қарасам, алдымда екі көзі оттай жанып қасқыр тұр. Маған қарай атылмақшы. Атып тұрғанда, әлгі көкшулан жалт бұрылып, қойдың ішіне түсіп кетті. Тұлыбымды шешіп, соңынан жүгірдім. Албардың орта тұсына барған қасқыр маған жалт бұрылып тұра қалды. Мен де қарап тұрмын. Қолымда таяқ, қамшы ештеңе жоқ, аяқасты болған соң ештеңе ұстамаппын, – дейді ақсақал.

Жалма-жан плащының бір жеңін шешіп, аузына тосайын деп дайындалып тұра қалады. Адам мен жыртқыш көз арбасып біраз тұрғаннан кейін, қасқыр кері бұрылып кетіп қалады. Осы сәтте дереу албардың аузына қарай жүгіріп, аузында байлаулы тұрған айырды алған Әкім қайтадан соңынан жүгірдім дейді. Қасқыр оралып келіп қарсы ұмтыла атылған кезде айырды тура алдынан тоса қояды. Айырдың темір ұшы абаданның дәл кеңірдегінен қадалады. Өне-бойын қайрат билеп, жыртқышты біраз көтеріп тұрып, тыпырлап-тыпырлап барып әлсіреген оны жерге бір ұрып, қара тұмсықтан салып жіберіпті. Екінші рет ұрғанында жаны шыққан екен.

– Сөйтсем, ол – қасқырдың арланы екен. Жал-құйрығы қап-қара. Артынан естідік, ол құтырған болып шықты. Бізге дейін ауылдың шеткі үйінің жылқысын, ешкісін, қашарын талаған. Келесі күні ауылдан, ауданнан адам көбейіп кетті. Мені аудандық ауруханаға алып кетті. Отыз күн бойы құтырудың алдын алатын 60 екпе жасады. Енді маған қасқырдың тісі де батқан жоқ қой, дегенмен "сақтықта қорлық жоқ" деп қажетті емшарасын жасап жатыр. Артынан естідім, сол жолы таланған үй жануарларының бәрі арам өліпті.

Күресте дес бермеген

Ертеректе ауылда Сабантой өтіп жатады ғой. Сол тойда шешеннің алпамсадай бір жігіті алысқан адамын алып ұрып келе жатады. Кезек Әкімге келеді. Анау шешен өзінше "80 келілік қапшықты тісіммен көтеріп жүрмін, сені де бір қолыммен үйіріп лақтыра салам" сес көрсетіп тұр дейді. Оған қарап тұрған Әкім бар ма, алыса кетеді. Тау елінің өкілі біздің шопанды қапсыра ұстап, кеудесінен асыра лақтыра бергенде, Әкім үстінен басып жата қалыпты. Жерге қос жауырынымен түскен әлгінің шынтағына шыққан шиқаны бар екен, сол жарылып кеткен ғой.

– Ауылдың жігіттері қиқу салып, мені көтеріп лақтырып жатыр. Сол кезде Сұлукөлге жаңадан келіп жатқан жас директор Иван Танько жетіп келіп, "Кел, менімен күрес", – деді. Мына жақтан ауылдың шалдары "қорықпа, күрес" деп айғайлап жатыр. Өзі денелі, төртбақ келген қара күштің иесі болатын. Менің пірім бар емес пе, аруақ шақырып, оны да алып ұрдым. Сол күрестен кейін Танько мені қатты құрметтейтін болды. Айтпақшы, бірде Иван түнде бидай ұрлап жүрген екі жігітті жол ортадан ұстап алып, желкелерінен алып бірін-біріне соғып, есеңгіретіп жібергені бар.

Орнында бар оңалар

Жүз қойдан орташа жүз жиырма-жүз отыздан қозы ала отырып, 1986 жылы шопандықтан зейнетке шыққан Әкім Нұрахметұлы одан кейін де бес жыл балық аулап, туған ауылына айтарлықтай үлесін қосқан жан. Еңбегі еш кетпеді – "Еңбек Қызыл Ту" орденімен марапатталды.

Соғыс аяқталған жылы шаңырақ көтерген кейіпкеріміз өмірлік жары Күлзайым екеуі бес ұл, үш қыз сүйді. Қазір құдайға шүкір, 15 немере, 20 шөбере сүйіп отыр. Алланың жазуы болар, жұбайы осыдан жиырма жыл бұрын бақилық болды. Ал артында қалған балалары ел қатарлы еңбек етіп келеді.

ЖЕҢІС ҚАРСАҢЫНДА: ЖАҢҒЫРЫҚ

«... Басылды соғыс, жанжал-ай ...»

1945 жылдың көктемі менің есімде жақсы сақталды. Қыстай елді сүзек жайлап, екі үйдің бірінде бала шетінеп, жұрттың көбісі – біреуі жалғызынан, біреуі сыңарынан айрылып, жылап сықтаудан арылмаған қыс болды. Оның үстіне, соғысқа кеткен азаматтардан «қара қағаз» келуі де тоқтаған жоқ. Сонымен қатар, соғыста жараланып, одан әрі соғысуға жарамсыз болып елге қайтып келгендердің де саны көбейе бастады. От жалыннан жанын сақтап, елден дәм бұйырған азаматтардың отбасындағы қуанышта шек жоқ. Елдегі өмір осылай – қуанышы мен қайғысы аралас жалғасып, өмір өзені өз кезегімен ілгері жылжып жатты.

Менің әкем – Мәулеттен әскерге шақырылып кеткеннен кейін, алғашында бірнеше хат келген. Анам Зағипаның айтуынша, әкемді Қазақстаннан шақырылған көп қазақпен бірге Шұбаркөл деген жерде ұстап, соғысқа дайындаған. Соңғы хатында: «Майданда қырғын соғыс болып жатыр, жақында бізді сонда аттандырады» – депті, содан кейін хат болмаған. Жаман хабар болмаған соң, аман шығар, келіп қалар деп күтуде болдық.

Мамыр айының басында «соғыс бітті» деген қуанышты хабарды да естідік-ау әйтеуір! Елдің қуанышында шек жоқ.

Соғыс та бітті, тірі қалған азаматтар елге оралды, біреулері – қолынан, біреулері – аяғынан, кейбірі – көзінен айрылып, біразы – денсаулығынан айрылып оралды. Бірақ менің байқағаным, ешқайсысы осы кемістіктерін елеген жоқ, қайта бейбіт өмірде өздерін, қол-аяғы тегіс сау азаматтардан артық болмаса, кем көрсеткен жоқ.

Мен анаммен екеуміз әкемді келіп қалар деп көп күттік, бірақ еш хабар болмады. 1950 жылы анам Зағипа аудандық военкоматтан әкемнің қайда екендігі туралы хабарын біліп беруін өтініп сұрау жасады. Соның қортындысы бойынша, анам атына соғыстан қайтпаған әскер семьясына жәрдем ретінде жәрдемақы тағайындалды.

Кейіннен 2005 жылы іздестіргенімде, аудандық военкоматтың күллі архиві ертеректе – 1960-1970 жылдардың бірінде болған өрттен тегіс құрып кеткен, кәзір ештеңе жоқ деген хабар алдық. Сүйтіп жүргенде бір күні интернеттен «Мемориалдан». 1942 жылы Торғай военкоматы арқылы соғысқа шақыртылып, әскерге алынып, артынан із-түзсіз «жоғалып кеткен» – 9 адам туралы құжаттар қолға түсті. Оның 7-уі торғайлық, 2-уі көрші – Ырғыз ауданының Нұра ауылынан.

Сол тізімде менің әкем Айдаболов Мәулет екінші болып тұр, 1897 жылы туған, 1942 жылдың мамыр айында. 12 ауыл совет, Шилі колхозынан әскерге алынған, соңғы адресі – Шұбаркөл қаласында – 3823. СП – деп көрсетілген, байланыс – 1943 жылғы қарашадан тоқталған, – деген жазу тұр. Торғайдан 1942 жылдың май айында осы тізімдегілердің ішінен 3 адам бірге кетіпті. Олар: Ырғыздың Нұрасынан – Бибосынов Альжан – 1913 жылы туған, іздеуші – әйелі – Ақборық; екіншісі – Торғайдағы Қызыләскерден – Айтанов Мәден – 1903 жылы туған, оны ұлы Манат іздепті; үшіншісі 17 ауыл советі – 1-Май атындағы колхоздан, – Сүйембаев Балахмет – 1899 жылы туған, іздеушісі – әйелі – Нұржамал.

Осы тізімнің алдындағы хат бойынша, тізімдегі мен көрсетіп отырған деректерді толтырушы – Торғай военкоматы қызметкерлері (Военком – капитан Тоғайбаев, Офицер РВК ст. л-нт Валиев). Торғай военкоматы өздерінің 19.01.1950 ж. – №015 хатын, оған қосақталған «Именной списокті» тіркеп, Москва 160.2 Дом МВС – Совет Армиясының қатардағы және сержант құрамынан қайтыс болған және хабарсыз жоғалғандардың (погибших и пропавщих без вести) есебін жүргізетін Басқарма (Управление) бастығы атына – іздеуге жіберген. Олардың дерегі бойынша әкем хабарсыз жоғалғандар қатарында есепте тұр. Торғай военкоматының дерегі бойынша Мәулеттен 1943 жылдың қарашасына дейін хат келіп тұрған, сонда одан кейінгі екі айдың ішінде бірдеңеге ұшыраған. Кәзір белгілі болып жатқан хабарларға қарағанда, үлкен операциялар кезінде қырылған көп адам, көмусіз, есепсіз қалған.

Интернеттен табылған сол құжаттар қазір менің архивімде сақтаулы, солардың ішінен, жоғарыдағы адам аттары жазылған «именной списокті» лупамен қарап, сөздерін анықтап, мүмкін мен сияқты Торғай, Ырғыз табанынан тағы бір кісілер өзінің әкесінің-атасының аттарын оқыр, олар не біледі, мүмкін хабарласар деген оймен, төменде қалай жазылды,сол күйінде беріп отырмын (кесте):

Мен Қостанайдың облыстық әскери комиссариатына барып, әкемнің қандай әскери бөлімде, қайда, қашан, қандай соғысқа қатысқаны туралы, қашан, қандай жағдайда хабарсыз кеткені туралы сұрастырып, ештеңе біле алмағасын, солардың айтуы бойынша Мәскеудің әскери архивіне сұраныс жібердім. Бірақ та, күні бүгінге дейін ешқандай жауап ала алғаным жоқ.

Интернет материалдарынан Ұлы Отан соғысына қатынасып, хабарсыз кеткендер туралы «Дат» газетінің 2011 жылғы 22 маусымының № 23 нөмірінде жарияланған журналист Дина Игсатованың «Забытые казахи Великой Отечественной» деген мақаласы біраз мәселенің бетін ашады. Оның дерегі бойынша мәселе – әдейі құрылған ұлттық әскери жасақтарында. Мәселе олардың әскери дайындығында, жабдықталуында, қару-жарақпен қамтамасыз етілуінде, олардың соғыста дұрыс пайдаланылмауында.

Менің алдымда осы «Дат» газетінің 06.05. 2015 жылғы № 18(289) номеріндегі Султанхан-Хан Жусиптің «Как казахов бросили на танки с шашками наголо» деген мақаласы жатыр. Онда осы жоғарыда айтылған ұлттық әскери құрамалардағы жауынгерлердің 1942 жылдың жазында поезд эшелондарымен соғыс болып жатқан жерге келгендегі киім кешегі, әскери құрал-саймандары, олардың соғысқа қалай кіргендері, жаңқиярлықпен құр қол немістермен соғысқаны, қалай қырылғаны, тірі қалғандарының тұтқынға түскені, қашып шығып өз әскеріне келгендердің қандай азап шеккендері, атылғандары туралы жантүршігерлік деректер келтірілген. Соғыстың екінші жылының өзінде 10 адамға 1 винтовкадан беріліп, атакаға шығарған, алдыңғы адам оққа ұшқанда, босаған винтовканы келесі адам алып әрі қарай шабуылдаған. Басқаларына жай қылыштың өзі жетіспеген.

Жоғарыдағы мақалада 1942 жылдың күзінде соғыс болып жатқан жерге Қазақстанда құрылған 2 «атқыштар» бригадасы келді деген дерек бар. 2015 жылғы келесі газет дерегі бойынша, Қазақстаннан ұлттық әскери құрамалары соғысқа 1942 жылдың мамыр айынан бастап келіп, Украинаның оңтүстік-батыс бағытындағы, Харьков және Донбасс түбіндегі соғысқа кіре бастаған. Қылыштан басқа қаруы жоқ жауынгерлер үлкен қырғынға ұшыраған. 1942 жылдың шілде айында қазақтардың ұлттық дивизиясы кезекті шабуылдан кейін қоршауда қалған. Сол жылдың қыркүйегінде Шепетовканың қасында 18 мың адам немістерге тұтқынға түскен. 1943 жылдың ақпан айында олардың бір тобы қашып шығып, кеңес әскеріне қосылады да, наурыз-сәуір айларында сотталып, атылып, қалғандары айдауға жіберіледі.

Менің бұл деректерді келтіріп отырған себебім, Торғайдан Мәулетпен қатар әскерге алынып, хабарсыз кеткен боздақтардың көбісі осы кездерде «хабарсыз» кеткен. Бұл уақыт – тарихшылар – «Харьковский котел» атаған, советтің 3 бірдей армиясын құрып, тіпті соғыс тарихынан ұшты-күйлі жоғалып кеткен уақыты. Бұл кез жекелеген адамдар түгіл, бүкіл 106-шы қазақ дивизиясының «хабарсыз жоғалып» кеткен уақыты, күні бүгінге дейін әскери архив деректерінде сондай есепте тұр. Кейінгі «іздеушілердің» дерегі бойынша: дивизия майдан шебіне барған, соғысқа – «жалаң қылышпен» қатынасқан, сол «Харьков котелының» құрбаны болған.

Қаншама ана – соғыс біткеннен кейін де, соңғы демі біткенше жалғызын, жайсаңын күтумен болды. Қаншама жар – құдай қосқан жан жарын күтумен сарғайды. Қаншама жас – әкенің ыстық алақаны қашан басымнан сипап, құшағына алып, көкірегіне басады деп, аңсаумен жылдарын өткізді! Кім біледі, әлі де бұл кезеңнің құпиясы ашылып қалар, үміт үзбелік.

Кеңесбек МӘУЛЕТҰЛЫ.

Астана қаласы.

№ п/п	Ф.и.о.	Год рож	Когда призван	Когда прекратилась связь	Место рождения	Кто ишет	Адрес	Заключение о судьбе разыскиваемого
1	Олжин Ақбай	1902	Авг-1942	С авг-1944	14 а/с к-з Кзыл-Аскер	Жена Олжина Зибагүл	п.Тургай ул. Советская 15	Пропал без вести – XI.44
2	Айдаболов Мәулет	1897	Май-1942	С ноя-1943	12 а/с к-з Шили	Жена Айдаболова Загипа	16 а/с к-з Тамкамыс Тургайск. района	Пропал без вести – II..44
3	Құлмағамбетов Ермұхан	1906	Дек-1942	С дек - 1942	Қызыл-Аскер	Жена Құлмағамбетова Ағайша	3 а/с к-з Қызыл-Аскер Тург р-на	Пропал без вести – III.43
4	Жамалиев Қайырғали	1918	Ноя-1942	С ноя - 1942	9 а/с Ақсуат	Отец Сакауов Жамали	9 а/с к-з Аксуат Тургайск р-на	Пропал без вести – II.43
5	Бибосынов Альжан	1913	май-1942	С дек-1942	Ыргыз Нұра	Жена Бибосынова Ақборық	П Тургай казаул 15	Не числится
6	Бибосынов Талпах	1916	Авг - 1942	С окт 1942	Ырғыз Нұра	Сноха Бибосынва Ақборық	П Тургай казауыл 15	Не числится
7	Айтанов Маден	1903	Май-1942	С мая 1942	Қызыл-Аскер	Сын Маденов Манат	3 а/с к-з Қызыл-Аскер	Пропал без вести – VIII.42
8	Сүйембаев Балахмет	1899	Май-1942	С мая 1942	17 а/с к-з 1-мая	Жена Сүйембаева Нұржамал	17 а/с к-з 1-мая	Пропал без вести – VIII.42
9	Кускулов Молдакарим	1910	Март 1942	С марта 1942	Кошалак а/с к-з Соцжол	Мать Сүйінбаева Зәуре	П.Тургай Октябрьская 12	Пропал без вести – VI.42

МЫҢ АЛҒЫС СІЗГЕ, МАЙДАНГЕР!

АРДАГЕРЛЕР, абзал жандар...

Ұлы Жеңістің 73 жылдығы қарсаңында "Нұр Отан" партиясының Қостанай қалалық филиалы мен қаламыздағы №2 емхана дәрігерлері "Ардагерлерді ардақтайық!" акциясы аясында ҰОС ардагерлері – Василий Пикуль мен Анна Чернушконың үйіне барып, қарияларды құттықтап, дәрігерлік көмек те көрсетті.

Қарлығаш ОСПАНОВА

Василий Пикуль 1922 жылдың 4 сәуірінде Федоров ауданында дүниеге келген. 1941 жылы небәрі 18 жасында қан майданға аттанған ол ең алдымен Чкалов атындағы әскери әуе-ұшқыштары мектебіне түсіп, бір жылдан соң қайта майданға аттанып, Украина, Румыния, Бельгия, Болгария, Молдавия, Чехословакия, Қытай, Жапония жерлерін азат етуге атсалысты. Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін бірнеше медаль, ордендермен марапатталған. 1945 жылы елге аман-есен оралған жауынгер көп ұзамай отбасын құрады. Жұбайы Зоя Нестеренко екеуі өмірге бір қыз әкеліп, біреуден кейін, біреуден ілгері өмір сүрді. Өзі ұзақ жылдар бойы туған ауылында машина-трактор шеберханасын басқарды, ал жұбайы банк саласында қызмет етті. Өкінішке қарай, жалғыз қыздарының тағдыр таукыметін тартып, мүгедек арбасына таңылуы қарияларға ауыр соққы болды. Қазір қыздары қолдарында. Тоқсаннан асқан қариялар бүгінде далаға да емін-еркін кіріп-шығудан қалған. Оларға әлеуметтік қызметкерлер қолұшын беруде.

– Құдай бізге ұзақ өмір сүруді жазған шығар. Шалым 96-да, ал өзім 93-ке келдім. Екеуміз де осы ғұмырымызда аз қиындық көрген жоқпыз. Соғысты да, одан кейінгі қиын-қыстау кезеңді де бастан өткердік. Бірақ, қызымыздың мынадай күйге түскені біздің жанымызға қатты батады. Мүгедектер үйіне тапсыр дегендер болды, бірақ біз өйте алмадық, көз алдымызда жүрсін дедік. Жалғыз қызымыз, одан кейін бала болмады. Қанша тырысқанмен, Құдай бізге қайтып бала бермеді. Қазір

далаға шығудан да қалдық. Әйтеуір, Анастасия деген әлеуметтік қызметкеріміз бар. Сол қызымыздың арқасында қиындық көріп отырған жоқпыз. Керектің бәрін әкеліп береді, үйімізді жинап береді. Емхана дәрігерлеріне де рахмет, жиі-жиі келіп, денсаулығымызды тексеріп тұрады, – дейді ардагердің жұбайы Зоя әжей.

Жасы тоқсан алтыға келсе де Василий әкей әлі тың. Далаға кіріп-шыға алмаса да, көзілдірікпен газет-журнал оқиды, құлағын түріп қойып теледидардан жаңалықтар да тыңдайды екен. Өзін елеп келген жандарды көрген ардагер балаша мәз болып, Елбасына, нұротандықтарға ризашылығын білдірді. Сонау сұрапыл жылдар әлі де еміс-еміс есінде тәрізді, басынан өткерген кейбір оқиғалар жайлы әңгіме қозғап, Жеңістің қандай бағамен келгенін айтып берді.

– Біз көрген соғыстың зардабын кейінгі ұрпақ ешқашан көрмесін деп тілеймін. Біз ауыр да, өте қиын жолдардан өтіп, елге жеңіспен оралдық. Әрине, соғысқа атақ үшін, не медаль, орден алуға барған жоқпыз. Ел үшін, жер үшін, келер ұрпақтың қамы үшін соғыстық. Мен өз елімнің патриотымын, мен Қазақстанда туып-өстім, сондықтан, менің Отаным – Қазақстан. Енді ешқашан соғыс болмасын, – деген қария бізбен кетерінде кемсеңдеп қоштасты.

Сонау сұрапыл соғыста ерлермен бірге нәзік жандылар да қолдарына қару алып, Жеңісті жақындатуға қасық қандары қалғанша үлес қосты. Майдангер әжелеріміздің ерлігі әлі күнге дейін халықтың жадынан өшкен жоқ.

1928 жылдың 6 маусымында Қостанай қаласында дүниеге келген Анна Чернушко да қан майданға 16 жасында аттаныпты. Ең алдымен медбикелік курсты оқыды, содан кейін Белорусь, Украин жерлеріндегі майданға жіберілді. Төрт жыл бойы ол кісі соғыста жарақат алғандарға жәрдем беріп, Жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты.

– Мен осы Қостанай қаласында туып-өстім. Осы жерде оқыдым, білім алдым. Бірақ, сұм соғыстың кесірінен мектепті аяқтауға да үлгермедім, 16 жасымда майданға аттандым. 1945 жылдың 9 мамыр күні соғыс аяқталды, ал біз қыста ғана елге оралдық. Соғыстан кейінгі жылдары да жағдай өте қиын болды. Жоқшылықтың тауқыметін көп көрдік. Ең бастысы, жеңіспен елге аман-есен оралғанымызға тәуба дедік. Ел қатарлы мен де тұрмысқа шығып, екі ұлды дүниеге әкелдім. Соғыстан кейін мен медбикелік қызмет атқармадым, себебі еш жерде орын болмады. Содан банкке хатшы болып орналастым, кейін бухгалтер болдым. Солай жарты ғұмырымды банк саласына арнадым. Биыл тоқсанға толамын, – дейді ардагер Анна Васильевна.

Кездесу барысында емхана дәрігерлері ардагерлердің денсаулығын тексеріп, ол кісілерге ұзақ өмір мен мықты денсаулық тіледі.

– Біздің емханаға 18 Ұлы Отан соғысының ардагері тіркелген. Ол кісілерге қай жағынан болмасын, қамқорлық таныту – бәріміздің борышымыз. Дені тоқсанды алқымдаған кісілер ғой, жүріп-тұруы да қиын. Сондықтан, біздің дәрігерлер ол кісілерді емханаға сүйремей, үйлеріне барып, ем-домын жасап тұрамыз. Қан қысымын өлшеп тұру өз алдына, жылына екі рет электрокардиограммадан өткізу, қаннан сараптама алу сияқты емханада жүзеге асырылатын жұмыстарды үйлерінде атқарамыз. Себебі, біз ол кісілер-дің ерлік істерін ешқашан ұмытпауымыз керек. Қолымыздан келгенше әрдайым қамқорлық танытуымыз керек, – дейді №2 емхананың бас дәрігері Қарлыға Омарова.

Айта кету керек, Қостанай қаласы бойынша бүгінде 66 соғыс және тыл ардагері өмір сүріп жатыр. Партия филиалдары, жасотандықтар оларға үнемі қамқорлық танытып, құрмет көрсетуден жалыққан емес. Себебі, күнделікті қызметтерінде аға буын өкілдеріне қолдау көрсету маңызды бағыттарының бірі.

Ағайынды жауынгерлер

Ол – дүдамал, өліара кезең болатын. Жан-жағын жайпап, еуропаның едәуір бөлігін табанына таптап басып келе жатқан фашистік Германияның қарқыны қорқынышты болатын. Кеңес әскері тегеурінді тойтарыс беруге күш салды... Осы қырғын соғысқа Нұрғазы ақсақалдың екі баласы да аяғына дейін қатысып, атамыздың Алла тілегін беріп, екі баласы да аман-есен, кеуделерін орден-медальге толтырып елге оралды.

Қызылбай Нұрғазин Витебск қаласын босату шабуылында батыр қыз Мәншүкпен қатарлас бөлімде жаумен шайқасқан. Ол Мәншүк ерлігіне куәгер болды. Қолбасшылық атынан Мәншүктің үйіне жазылған хатқа қол қойғандардың ішінде Қызылбай да болған. 1944 жылы қаңтарда госпитальден жазылып шыққан аға сержант Қызылбай Нұрғазин 8-гвардиялық атқыштар дивизиясына панфиловшыларға жіберді. Мұнда ол Польша, Эстония, Латвия жерлерін азат ету шайқастарына қатысты. Қызылбай Нұрғазин осы дивизияда елге танымал болған жазушы-журналистер Дихан Әбілев, Әзілхан Нұршайықов, Жекен Жұмақанов, Қасым Шәріпов және ғалым, мемлекет қайраткері Асқар Закариндермен қарулас болды. Ол бір ұрыста 15 немістің көзін жойып, 2 немісті тұтқынға алған және 1 дзотты талқандап, шабуылға шыққан қызыл әскердің жолын ашқан. Осы ерлігі үшін оған "Қызыл жұлдыз" ордені берілді. Тағы да осы сияқты шайқастарда көрсеткен ерліктері үшін екінші, үшінші дәрежелі "Даңқ" ордендерімен, "Москваны қор-ғағаны үшін", "Ерлігі үшін", "Германияны жеңгені үшін" медальдарымен марапатталды. Атамыз соғыстан 1945 жылы қазан айында оралды.

Ал Қызжан Нұрғазин әскерге 1939 жылдың күзінде кетті. Сол кеткеннен мол кетіп, тек 1942 жылы соғыста ауыр жараланып, госпитальден кейін Торғайға келіп кеткен. Үйге қайтамын деп тұрғанда, соғысқа қайта алынып, ақырында 1945 жылдың күзінде, 7 жылдан кейін бір-ақ оралды. Соғыс кезінде қатардағы жауынгерден полк парторгі Басқару взводының командирі дәрәжесіне дейін өсті. "Жауынгерлік Қызыл Ту", "Қызыл Жұлдыз" ордендерімен, "Кенигсбергті босатқаны үшін", "Жеңіс" медальдарымен марапатталған. Майданда 2 рет ауыр жараланып, жазылып, қайтадан қатарға қосылған.

Нұргүл НҰРҒАЗИНА, немересі.

Қостанай ауданы.

ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

Жеңіс күнін әкелген

Мұрат ЖҮНІСҰЛЫ

"Нұр Отан" партиясының Арқалық қалалық филиалы партияның "Ардагерлерді ардақтайық!" жобасы аясында Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне құрмет көрсетіп, жеңіс күнін әкелген жауынгерлерді мерекемен құттықтауда.

Алғашқылардың бірі болып облыстық мәслихаттың депутаты Дәмеш Қосмұхамбетова карт майдангер, таяуда ғана өзінің 104 жасқа толғанын атап өткен Әбжан Тоқай атамызға арнайы сыйлықтарын тарту етті.

Ал, Арқалық қалалық мәслихатының депутаты Тимур Ержанов осындай ізгі құрметін ҰОС ардагері Феодор Романенкоға көрсетті.

– Президентіміз айтқандай, ардагерлерді ардақтау, қарттарға қамқорлық көрсету, тағзым ету – парызымыз.

Болашақ ұрпаққа бүгінгідей бейбіт өмір сыйлаған ардагерлерге біз әрқашанда қарыздармыз, –дейді "Нұр Отан" партиясы Арқалық қалалық филиалының кеңесшісі Жандос Рахметов.

Арқалық қаласы.

Төрлет, мерекелі Мамырым!

Мерекесі – бейбітшілік, бірліктің,
Дүбірлеттің, думандаттың, дүрліктің.
Құтты болсын мамыражай мамырың,
Бастамасы берекелі бірліктің.

Төрлет, тербет, мерекелі Мамырым,
Жылуыңды, шуағыңды сағындым.
Ару көктем таң шығымен жуынып,
Күн нұрындай шуақ шашсын ән-жырым.

Елім аман қақтығыстан, соғыстан,
Сан тағдырлар шаңырақта тоғысқан.
Зұлмат, нәубет, қиын-қыстау кездерде,
Бауырласып, өзгелерге болысқан.

45-ім әкелді Мамыр айды,
Жеңіспенен жанымыз жадырайды.
Арманшыл адамзаттың ағасына,
Енді уы фашизмнің дарымайды.

Тарих болды қасіретті сол жылдар,
Келді міне, рахаты мол жылдар.
Тыныштықпен бейбіт өмір сүрейік.
Ешқашанда қарымасын жанды ызғар.

Нұркен ТОҚАЕВ.

Қарабалық ауданы.

МАМЫР ЖЫРЛАРЫ

Ғажайып тәтті түс

(Соғыс ардагері Ғалым Уәлиұлы рухына)

Сенсеңіздер кеше түнде түсімде,
Жүр екенмін ауылымның ішінде.
Мен сүйетін Мерекелі мекенім,
Бәз-баяғы мамыражай күнінде.

Көргенімді жырға қоссам несі мін,
Исі аңқиды жасыл дала төсінің.
Төрде отыр Жүгенбай мен Өміртай,
Өз үйімнің ашып қалсам есігін.

Көрші қос шал сыйлы болған аты нық,
Қой шығарып әкем де жүр таң атырып.
Сәлем бердім осынау қос қартқа мен,
Анам отыр сары қымызын сапырып.

Ұқсамайтын отбасы едік жарлыға,
Дала кейде көрінеді тар мына.
Бір сәт әкем балық әкеп дорбамен,
Төге салды есігінің алдына.

Әкелердей көрмесемде көпті мен,
Нарымды әкеп Нарөлгенге шөктірем.
Көрдім солай түсімде әке-шешемді,
Ол менің сол бала шағым деп білем.

Жылдамын-ай мына мезгіл бұлақтың,
Отыз бес жыл әкемді аңсап жылаппын.
Көршілерді қонақ қылып отырған,
Әке-шешем төрінде ғой жұмақтың.

Көре алмадым сол түсімнің толығын,
Бұралаңы көп қой өмір жолының.
Ауыл жаққа аттанайын, аруақтар,
Дұғамызды дәметті деп жорыдым.

Аруақ қолдап армандарға жетіп ем,
Ұлы жандар ұзап кетті-ау шетінен.
Жастығыма қайта оралған сол түсім,
Тым қысқалау болғанына өкінем.

Назымбек ҒАЛЫМҰЛЫ.

Қостанай қаласы.

Тыныштық

Соғыс құрсын, оның бетін аулақ қыл!
Рас емес пе? Әр елде оты лаулап тұр.
Сұрқия сұм, тажал қолын сұққалы,
Реті келсе арам ойын тыққалы,
Саясатпен санамызды улап тұр.

Озбырлықтың түбі жоқ қой бұл күнде,
Содан зардап шекпей жүрміз бе?
Заманында көз алартып жеріме,
Арам ойын асырмады кім бізге.

Соғыс салған жердің беті жаралы,
Уақыт емші. Емдеп жазар жараны.
Жау жоқ деме, жар астында әлі де,
Соғыс құбыжық, ашылмасын араны.

Заман ағым тоқтаусыз зымырар,
Бірлік болса қос жұдырық жұмылар.
Тыныштығын ұрламасын елімнің,
Жан-жағынан көзін сұққан «ұрылар».

Заман ағым, тоқтаусыз бір зымырар,
Әр заманның артта қалар ізі бар.
Бар әлемнің ашық болсын аспаны
Бейбіт күннің шуағымен жылынар.

Сағидолла КӘКІМБЕКОВ,

Қостанай қаласы.

Байырғы ардагер

Маркұм Оразбай Мұқатұлы партия, кеңес қызметі ардагері. Кезінде Жанкелдин ауданындағы «Қарақұм» Қызылотауының меңгерушісі, аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болған. «Біріншімай» колхозында, «Еңбек», «Қызыләскер» кеңшарларында партия ұйымының хатшысы, селолық кеңестің төрағасы болып қызмет еткен. Орекең өзі ғұмыр кешкен жылдарында қазақтың киелі сөзіне айырықша мән берген. Атап айтқанда, ақ қағазға өлең жолдарын түсірген, мақал-мәтелдерді,шешендік лебіздерді, танымал ақындардың жырларын жатқа айтқан. Жиын-тойларда көркемдеп бата берген. Ел ішіне Оразбай айтқан қазақы қалжыңдар бар. Мұның сыртында облыстық «Қостанай таңы», Жанкелдин аудандық «Біздің Торғай» газеттеріне штаттан тыс тілшісі ретінде мақалалар жазған. Биыл туғанына 100 жыл толғалы отырған біздің байырғы штаттан тыс тілшіміз Оразбай Мұқатұлының жырларын оқырман назарына ұсынамыз.

Редакция.

Туған жер туралы толғау

Шабындық жалпақ жатқан сары тақта,
Қыстауым Торғай бойы Манан жақта,
Жағасы Қарасудың үлкен қопа –
Әкемнің қыстауы еді сол бір шақта.

Асылбек қарасуы атамекен,
Адамды ыстық лебі тартады екен,
Сармантай,Қосылша мен Өмірбектің,
Қыстауы жалғаса кеп жатады екен.

Егде шал Мұқат, Жүніс бірге туған,
Жан еді малын бағып шаруа қуған,
Өмірі жалшылықта күні өткен,
Ешкім жоқ атасында ірі болған.

Баласы сол Мұқаттың Оразбаймын,
Біреуге жаман болсам, біреуге аймын,
Артымнан құлындарым өсіп келеді,
Шүкірлік бұл құдайға мен бір баймын.

Тоғыз жыл детдомда мен тәрбие алдым,
Ертеде оқу іздеп Ташкент бардым,
Семья жағдайымен оқи алмай,
Ақыры көп білімнен кейін қалдым.

Он үшке жеткенімде әкем өлді,
Бұ дағы ауыр тиіп, ойды бөлді,
Жетімдік өмірімде көргенім жоқ,
Құдайым несібесін өзі берді.

Жасымнан тізгін тартып атқа міндім,
Түсінбей болатынын алғы күннің,
Талай мен тар кезеңде бірге болып –
Дұшпанға қайсарланып қарсы тұрдым.

Жиырма жыл ел басқарып қызмет еттім,
Еліме еңбек етіп терді төктім,
Болмады жамандаған ешбір адам,
Іліктім мақтауына қалың көптің.

Ешкімге жамандықты ойламадым,
Үкімет заңы болды ойлағаным,
Мен өзім талайларды көзбен көрдім,
Құлқынға қызыл таңнан тоймағанын.

Қызығын бұл дүниенің көріп өттім,
Бұйырған несібемді теріп өттім,
Жолдасты жаман, жақсы түрге бөлмей,
Бәрінде бәріне үмітпенен сеніп өттім.

Перзенттер туралы толғау

Соғыс кезі, немістің оғы жауған,
Азаматтар қару ап ашу буған,
Мына қара Жақсылық деген жігіт,
Сол арпалыс сұрапыл жылда туған.

Соғыс бітіп ел ауыр тұрмыс көрген,
Дүзейміз деп шығынды соғыс берген,
Осы күнгі Жартогым,Жарасбайым,
Жарқ етіп дүниеге сонда келген.

Ел болып бес жылдыққа бетін бұрған,
Бар халық еңбекке өрлеп, белін буған,
Өзіміздің Сатурн Нағашыбай,
Табыс өсіп жаңарған жылда туған.

Мал апарған ауданымыз бұрын да,
Мекен етіп Қарақұмның құмында,
Осы жерде туып еді Отаркүл
Қызғалдақтай өсіп құмның қырында

Сол өңірде туған мына Алмагүл,
Гүліндей от Розаның бұл да бір,
Ракета жарығындай сәулесі
Дүниені жарық қылып тұрған кіл

Құмы бар ед Қарақұмда Аманның,
Сонда туды мына қара Аманың,
Ертедегі Кіші жүздің жері екен
Қоныс қылған қалың елі таманың

Төртінші ауыл Қарақоға болысы,
Атамекен Қарамойын қонысы,
Айшагүлім дәл сол жерде туып ед,
Қыпшақ елі ішіндегі торысы.

Талай жерді жүрдім мен де аралай,
Соның бірі осы күнгі Аралбай,
Роза да сонда туған бала еді,
Жақсы оқып жүр қиындыққа қарамай.

Значоктей төске қадап тағатын,
Үлкен сеңдей жарды тіреп қағатын,
Мына Талғат көктайғақта туып еді
Ғұмыр берсін қартайғанда бағатын

Тірлік кештік жасымыздан елде біз,
Бала барда не нәрсеге кендеміз,
Өткірлігі дүкендегі лезвия,
Лиза ғой бауырдағы кенжеміз.

Оразбай МҰҚАТҰЛЫ.

ЕЛ МЕРЕЙІ – АСТАНА

7-жұп Нұрқанат пен Абылай

(Соңы. Басы өткен санда.)

Бұл адам жайлы сіз бен біз білелік,
Жан екен ар-иманы ізгі берік.
Жапанда келе жатып аялдапты,
Бейсауат жалғыз жүрген қызды көріп.

Пері ме, періште ме, ібіліс па?
Жапанның шығар бөлкім жыны қыспа.
"Биссміллә" деп баруға бел байлапты,
Таң болып мынау ғажап құбылысқа.
Сөйткенше көз алдынан ғайып бопты,
Қыр асып қызыл киген тірі нұсқа.

Жігіт те жедел қырдан әрі асыпты,
Әлгі жайды білмекке тағы асықты.
Қуып жетіп, "кімсің?" деп жөнін сұрап,
Қыздың халін түсініп, жаңаша ұқты.
Хор қызына бергісіз сұлу екен,
Тал бойына киімі де жарасыпты.
Адамға емес қиянға қадайды екен,
Тереңдігі тұңғиық қарашықты.
Бейшара қыз, байқаса, соқыр екен,
Салт жүріп, аттан құлап адасыпты.
Ел билеген бір ханның жалғызы екен,
Мекен еткен әсем бір қалашықты.

Ертіп ап соқыр қызды жетегіне,
Әкепті әкесінің мекеніне.
Анасы бетін тырнап жылап отыр,
Көздің жасын толтырып етегіне.
Хан жігітті қырық күн қонақ етіп,
Бір ұсыныс жасапты жөпелімде:
"Ақылы асқан, иманды жан екенсің,
Байқалып тұр һәм адал екенің де.
Уақыт деген зымырап тоқтар емес,
Жете алмас желден озған бөкенің де.
Мені меңдеп барады айықпас дерт,
Кесемді де шама жоқ көтеруге.
Санаулы ғана күнім қалды, білем,
Байыздауға мәңгілік мекенімде.
Жалғыз қызым жанарсыз қалай ғұмыр,
Сүрер екен әкесіз жеке күнде?!
Өзіңе Алла разы болсын десең,
Жан қызым жүрсін сенің жетегіңде.

Ер жігіттің ішінде нары екенсің,
Хан басымды қалайша зар етерсің?
Өзіңнен өтінерім, жаным балам,
Жалғызымды өмірлік жар етерсің!

Кезіге кеттің бұйрық һақтан түсіп,
Ғапыл кешкен ғаріп ем жатқан құсып.
Сөзімді қабыл көріп, сертің берсең,
Орныма хан етемін тақтан түсіп".

Жаратқанның еткені жоқтан барды.
Хан сөзіне жігіт те көп толғанды,
Алайда өзіне-өзі серт байлаған,
Жүрегінде басқа бір бопты арманы.
Пайдасына бас ұрмай жайған малдың,
Ол арманы жайында ойланған мың,
Мұраты іздеп барып, нәсіп етсе,
Нұр дидарын бір көру пайғамбардың.

Бөленер еді баққа һәм ғажайып,
Жанарының шуағы жанға дарып.
Көкейдегі бар ойын баян етті,
Жігіт бірер күннен соң ханға барып:

"Алдияр, сұрағаным ғафу еді,
Жүрегімде бір арман жатыр еді.
Ханның ханы Мұхаммед Расул еді,
Адамзаттың ішінде асылы еді.

Һақ танып Ұлы Алланы сүйген ерен,
Үмметі үшін от кешіп, күйген өрен.
Пайғамбарды бір көріп, амандассам,
Пейіштегі періште күйге енер ем.
Алланың ең сүйікті елшісінен,
Ізгі ғұмыр сүруді үйренер ем.
Аман-есен оралсам бұл сапардан,
Қызыңызға , сеніңіз, үйленер ем.

Сәулелі дидарынан шуақ күліп,
Хан жігіттің бұл ойын ұнатты құп.
Аз күнде ұлындай боп кеткен еді,
Шығарып салды қимай жылап тұрып.

Мақсат етіп, нық сенген ғаламатқа,
Не қиындық жеңілер азаматқа.
Бір жылдай жүріп, жетті Меккеге де,
Көндігіп көп қиындық, сан азапқа.

Абыр-сабыр ағылған неткен халық,
Құдіретті күмбезі көктен де алып.
Әл-Харам мешітінің айналасы,
Миллиондаған құлшылық еткен халық.

Пайғамбарды іздеумен бір жыл өтті,
Арманы орындалмай шын жүдетті.
Көңілін қаяу басты, қажып әбден,
Күн өткен сайын торлап мұң жүректі.

Бірде намаз оқуға бара жатқан,
Сұрады Расул жайлы жамағаттан.
Көп ішінен бір кісі тоқтады да,
Қолын нұсқап көрсетті ана жақтан.

Пайғамбарды іздесең, пақыр, – деді,
Бермен қарай келіңіз жақын, – деді.
Анау тұрған мүминнің қолына ол,
Құманменен су құйып жатыр, – деді.

Бұл ғажапты көрмеген ел сенбейді,
Қайран қалып, жігіт те кемсеңдейді.
Ұлық болу – халыққа қызмет қылу,
Ол ұсақ, ірі амалмен өлшенбейді.
"Ұлық болсаң, кішік бол" деген сөзді,
Осы әңгімем межелеп, мөлшерлейді.
Бұлағымнан тышқан су ішті екен деп,
Биік таулар бұлданып, теңселмейді.
Бұл бір мысал пайғамбар жайындағы.
Бір мысқал кемшілік жоқ бойындағы,
Біз пайғамбар емеспіз, пендеміз ғой,
Адасқан адамдықтың жолындағы.
Кемшіліктің күллісін жуып-шаяр,
Азды-көп қулығы бар қойындағы,
Бейнеті мен зейнеті қатар жүрген,
Тіршілік қамыты бар мойындағы.
Абылай, билік жаққа бару керек,
Халықтың нағыз адал сай ұлдары.
Адалдық, ақыл, білім, мінез жоқта,
Сөз бекер әділ қоғам жайындағы.
Хан адал қызмет етсе қарашаға,
Шерлі өлең жазбас еді шайырлары,
Қараша мұратына адал болса,
Асқақтар ондай елдің дәйім бағы.
Сондықтан бір үйлесім болу керек,
Заманның ауанына сай ырғағы.
Бұл жайлы не айтасың, Абылай, сен?
Пікіріңді қосарсың ойыңдағы!

Абылай:
Жігіт, – деп, жүрекке үміт жаға білген,
Ойларын кестелер деп қаламымен,
Қиялмен билік беріп көріп едім,
Кеттің ғой "ертегі" айтып, аға, бірден.

Сөзіңнен ала алмады тоят інің,
Ақын ең елден ерек ой, ақылың.
Нұр-аға, біздің елдің болған шығар
Уақыты ертегіге тоятұғын?!

Әйтсе де, ғибратыңды етем үлгі,
(Үлгі етпес пайғамбарды не көрінді?!)
"Әркімнің туған жері – Мысыр шаһар",
Меккеден кем көрмеймін мекенімді.

Заманда шаттығы мен мұңы алысқан,
Іздейміз өмір мәнін кіл алыстан.
Әр адам адалдықпен өмір сүрсе,
Болар еді Қазақстан – жұмақстан.

Дүние – нәпсіні алдар тәттілігің,
Белгілі алдап кетер "әккілігің".
Тірлікте өкінбейтін іс қылайық,
Түбінде пайғамдардың ақ туының.

Нұреке, деме: "інім қатты кетті",
Ерлері тату елге бақ түнепті.
Асқақтап алашымның Ақордасы
Ақындар арнай берсін ақ тілекті.

Тереңің шыңыраудай шайыр едің,
Сусындап жырларыңнан байып едім.
...Қасыңда "қасынысып" жүретұғын,
Жем жеген алақаннан тайың едім.

Өмірде, өнерде де жоқ таласым,
Қамқорым, сүйенерім боп қаласың.
Алынған ащы тері арғымағың,
Мәреге жетпей енді тоқтамасын.

Нұрқанат:
Тағылымын қалдырған ертеңіне,
Ескі сөз есті бір сыр шертеді де.
Өткеннің өнегесін өрелейік,
Ере бермей бір күннің селтеңіне.
Қарап тұрсақ, құзырлы орындардың,
Есебі де ұқсайды ертегіге.
150 мың орташа жалақы-мыс,
Бір айға еркін жетер, ең кеміне.
Абылай, ойлап көрші, бұл айтқаным,
Ертегі емес пе әлде, ертегі ме?
83 пайыз халық игеріп ап,
Қазақша "сайрап жатқан" өлке, міне.
Күн санап санамызға сіңіп жатыр,
Өзін-өзі алдаудың дерті еміне.
Қоғамның көркеюі қиын болар,
Ертегі тамыр жайған өртеңіне.

Абылай, тоят таппай өлеңімнен,
Ренжіпсің. Шыға алмаппын керегіңнен.
Қайыс мінез қырсықтау адамсың ғой,
Оңайлықпен қайтпайтын дегенінен.
Қайырдың сөзі һақтың қалауы ғой,
Деп санап бейғамдықтың себебінен,
Шыңғыс ханның ұшырап қаһарына,
Өрт құшқан Отырардың шоғы едім мен!
Оң-терісті бағамдап алған дұрыс,
Тәлім ап ата тарих дерегінен.
Шыңы күнді тәж қылып кисе-дағы,
Топырағы ірісе тереңінен.
Заңғар таулар қиыршық құмға айналар,
Жоқ болып жұмыр жердің бедерінен.
Сөз бен іс бір арнаға тоғыспайды,
Аңғарғың келмейді оны неге мүлдем?
Мақтау мен мақтанудан ығыр болдық,
Көпірік көбік тасып кемерімнен.
Қашанда өзгелерден биік тұрар,
Өзінің кемшілігін көре білген.

Абылай, өзіңе айтар көп тілегім,
Жанымда жүрген інім боп тірегім,
Шәкірдің жебесіндей көбе бұзар,
Жанарыңнан жарқ еткен отты көрдім.
Қаламыңнан сезіндім даналығын,
Төлен, Қойшығарадай бектілердің.
Төскейінен түлеген тұлпар едің,
Кие қонып, нар шөккен отты белдің.
Қабырғадан нәр алған бір дарақтың,
Тік бұтағын сап қылған көк туы едің.
Қасиетінен айналдым сені туған,
Көкала ат кеп құлаған текті жердің.
Өзіңдей оғыландары барда қазақ,
Ешкімге есе жібермес деп білемін!
Дауылпаз замананың десіменен,
Ілгері жылжып уақыт көшіменен.
Алды-артына қаратпас қу тіршілік,
Жүре берсек көңілдің хошыменен.
Сені маған ерекше қадірлі еткен,
Кеудеңде бір кие бар: есімі – Өлең,
Сол өлеңге қызмет ет жатпай-тұрмай,
Айтысты тәмамдайық осыменен.

Достық әні шырқалды

Мүгедектерге арналған Қостанай облыстық оңалту орталығында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласын жүзеге асыру аясында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған мәдениұлттық орталықтары өкілдерімен кездесу өтті. Кездесуге Корей этно-мәдени бірлестігінің орынбасары Ульяна Ким, Қостанай облыстық "Шарк" тәжік ұлттық-мәдени орталығының директоры Эргашвой Холметов, Қостанай облысының "Бірлік" әзірбайжан қауымдастығының белсенді азаматшасы Алина Черкова, "Дуслык" татар-башқұрт этно-мәдени орталығының белсенді азаматшасы Гулнар Латыновалар қатысып сөз сөйледі. Мерекелік концертті Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейі ғылыми-ағарту бөлімінің меңгерушісі және музей қызметкерлері ұйымдастырды. Концертті мүгедектерге арналған Қостанай облыстық оңалту орталығының емделушілері тамашалады. Шара барысында музей қызметкерлері ән шырқап, "Дуслык" татар-башқұрт этно-мәдени бірлестігінің би ұжымы өнер көрсетті.

1995 жылдың 18 қазанында ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығы бойынша 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланды. 1996 жылдан бері бұл мереке елімізде тойланып келеді. Кең байтақ Қазақстанда 150-ден астам ұлт өкілдері тұрып келеді. Бұл, әрине, халқымыздың кеңпейілділігінің, жайдары жайсаң көңілінің арқасы. Оңалту орталығында өткен мерекелік концерт те соның айғағы.

Перизат ОҢАЙБЕК,
ҚМУ-дың студенті.

Суретті түсірген
Б.АХМЕТБЕКОВ.

Апталық телебағдарлама

мамырдың 7-нен 13-не дейін

7 мамыр, дүйсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Сенбілік таң. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 Парад. 12.10 Т.х. "Сүйе білсең 2". 13.00 Ақпарат. 13.20 "Алаш ұлы" тобының концерті. 15.10 Бақытты әйел. 17.00 Әскери әндер. 17.55 Менің Қазақстаным. 18.30 ФИФА-2018. Ресейге барар жолда. 18.55 Әзіл әлемі. 20.00 Ақпарат. 20.35 Қарекет. 21.30 Көңіл толқыны. 22.00 Парад. 23.00 "Сүйе білсең 2". 23.55 Түнгі студия. 0.30 Ақпарат.

ХАБАР

7.00 Әсем әуен. 8.00 Т.х. "Тірі келуге бұйырамын". 9.00 Т.Төреәлі. 10.30 Д.ф. "Әскери музей". 11.00 Әскери парад. 13.00 Новости. 13.10 Арнайы хабар. 13.40 Х.ф. "Заговор Оберона". 15.25 Айбынды Қазақстан. 16.40 К.ф. "Анаға апарар жол". 19.00 Жаңалықтар. 19.30 Концерт. 20.15 Т.с. "А зори здесь тихие". 21.00 Итоги дня. 21.30 Әскери парад. 22.30 Т.с "Шестой пост". 23.20 Т.с. "Черные бушлаты". 0.10 К.ф. "Анаға апарар жол".

ҚАЗАҚСТАН-ҚОСТАНАЙ

8.00 Асқақ әнім, Астана! 9.00 Apta-Aqparat. 10.05 Т.х. "Бозторғай". 11.05 Дела житейские. 12.00 Н.Тілендиев концерті. 13.40 Менің монологым. 14.00 Т.х. "Әке серті". 16.00 Т.х. "Бітімгерлер". 17.00 М.с. 17.40 Д.с. "Сіз білесіз бе?". 18.20 Елбесік. 18.40 Асқақ әнім, Астана! 19.00 Первая студия. 19.30 Т.х. "Айналайын". 20.30 Мәңгілік рух. 21.10 Герой нашего времени. 21.30 Д.ф. 22.05 ТілекTime. 22.30 "Бауыржан Момышұлы". 23.00 "Бозторғай". 23.55 К.ф. "Мәншүк туралы жыр".

АСТАНА

6.00 Қасиетті мекен. 6.30 Kaznet. 7.00 Концерт. 8.00 М.ф. 9.30 Избранное за неделю. 10.00 Т.х. "Жетер!". 11.00 Әскери парад. 12.10 Т.с. "Баллада о бомбере". 16.50 Біздің уақыт. 17.20 Ел аузында. 18.00 Т.с. "Запах ребенка". 19.00 "Зехра". 20.00 Бірегей. 20.20 Айбынды армия. 21.00 "Жетер!". 22.00 "Абысындар". 23.50 "Запах ребенка". 1.00 Концерт.

НТК

7.05 М.х. 7.20 Т.х. "Қалқан" ұйымының агенттері". 8.50 Insta TV.kz. 9.10 Екі езу. 9.30 М.с. 10.40 М.ф. "Приключения мистера Пибоди и Шермана". 12.20 Х.ф. "Мстители: Эра Альтрона". 15.00 М.с. 15.35 Байқа, балақай! 16.00 Бүлдір-күлдір. 16.20 Американың ең күлкілі видеосы. 17.10 Тек күлкі үшін. 18.15 Екі езу. 18.40 Т.х. "Қағаз кеме". 19.10 Байқа, балақай! 19.30 Однажды в России. 20.00 Х.ф. "Иллюзия обмана". 22.20 "Қағаз кеме". 23.00 Тек күлкі үшін. 0.00 Х.ф. "Копы в юбках".

7 АРНА

6.00 Қуырдақ. 6.45 Қыздар арасында. 7.15 Q-елі. 7.30 Т.х. "Элиф". 9.00 Место встречи изменить нельзя. 10.50 Т.с. "Разведчицы". 12.00 Х.ф. "9 рота". 15.00 Концерт. 17.15 Гу-гулет. 18.00 Т.х. "Тағдыры тоғысқандар". 19.10 "Элиф". 20.10 "Тағдырым шешілген күн". 21.10 Т.х. "Жаңа келін". 22.15 Х.ф. 0.50 Х.ф. "Спецназ города ангелов".

31 АРНА

6.00 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері. 7.00 Информбюро. 8.00 What`s Up? 9.00 Т.х. "Қыздың жолы жіңішке". 11.00 Готовим с Адель. 11.30 Ералаш. 13.10 М.ф. "Иван Царевич и Серый Волк". 15.00 Келіндер бәйгесі. 16.00 Лотерея 777/ Лотерея KENO. 16.10 "Қыздың жолы жіңішке". 18.00 Орел и решка. 19.00 Ералаш. 19.30 М.ф. "Иван Царевич и Серый Волк 2". 21.00. Т.х. "Фазилет ханым". 23.00 What`s Up? 0.00 Т.х. "Ертугрул 2". 1.30 Х.ф. "Паранормальное явление: Метка Дьявола".

АЛАУ

6.00 Ә.Айниязовтың ән кеші. 8.00 Творческое представление ARTiKO. 9.00 РТН Подробности. 9.40 Почемучки. 10.00 А.Исағұлованың шығармашылық кеші. 12.00 Д.Арыстанова. 13.00 Это моя жизнь. 13.30 Герои рядом. 14.30 "7 передача". 15.00 Жүрек тынысы. 16.00 Әндер мен жылдар. 18.00 Ә. Кәрімов. 19.30 Қазақстан байтақ өлке. 20.00 Неизведанный Казахстан. 21.30 Герои рядом. 22.00 Рухани жаңарту. 22.30 Baby Гид. 23.00 А.Керімбекованың ән кеші. 0.30 Ән көңілдің ажары.

ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Таинственный остров". 7.15 Тамаша city. 8.15 Той заказ. 8.45 Ұшқалақ. 9.00 Х.ф. "В бой идут одни старики". 11.00 Парад, посвященный Дню защитника Отечества. 12.00 Қалаулым. 15.00 Добрый вечер, Казахстан! 16.05 Х.ф. "Осторожно! Вход разрешен". 18.00 П@ytina. 19.00 Жаңалықтар. 19.45 Пендеміз ғой. 21.00 Новости. 21.45 Х.ф. "А зори здесь тихие..." 2.00 Мужское/Женское.

КТК

7.05 Концерт. 7.35 Т.х. "Тағдыр қосқан асыл жар". 9.25 Кривое зеркало. 11.20 Х.ф. "Женщина в беде". 15.00 Кел, келінім. 18.00 К.ф. "Биші қыз". 19.45 Жаңалықтар. 20.20 Главная редакция. 21.00 Новости. 21.30 Х.ф. "Проявление". 23.00 Х.ф. "Не покидай меня". 2.00 Кел, келінім.

8 мамыр, сейсенбі

ҚАЗАҚСТАН

6.05 Концерт. 7.00 Таңшолпан. 10.00 Hit Qazaqstan. 11.00 М.ф. "Түлкі мен ит". 12.05 "Сүйе білсең 2". 13.05 Әзіл әлемі. 14.20 "Дариға, сол қыз..." 15.10 Бақытты әйел. 17.00 "Баланың көңілі". 17.15 Табыс сыры. 17.35 Жеңіс күні. 17.50 К.ф. "Қасым". 20.00 Ақпарат. 20.35 Қарекет. 21.30 "Сүйе білсең 2". 22.25 Ұлы жеңіс – ұрпаққа аманат. 23.40 Түнгі студия. 0.15 Ақпарат.

ХАБАР

